БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 258 (9576) | 1954 жылғы 29 декабрь Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

**Советтік Қазақстанда** (1-бет).
Совет жазушыларының Бүкілодақтық Екінші съезі (1-бет).
**Қ. Нұғыманов.**—Лениннің [illegible] ық шағы—совет жастары на өнеге (2-бет).
**Ғ. Малдыбаев.**—Мың жұл [illegible] (2-бет).
**Ж. Мұқанов.**—Озаттардың үлгісімен (2-бет).
**Р. Уәлиев.**—Байланыс [illegible] есінің озат қызметкерлері (2-бет).
ЕГІСТІК ЖЕРГЕ ҚАР КӨ[illegible]КТАТЫЛСЫН: **Я. Саленко.**—Қысқы агротехникалық шараларды мұқият жүзеге асырайық (3-бет).
**А. Кийко.**—Колхоздардағы құрылыс жұмыстары тыңғылықты жүргізілсін (3-бет).
**М. Мусин.**—Механизатор кадрларын даярлау ісіне жете назар аударылсын (3-бет).
**А. Овчинников.**—Тарандықтардың бастамасына іспен жауап берейік (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

## Колхоздың жылдық есебі

Бір мың тоғыз жүз елу төртінші жыл аяқталып келеді. Облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері бұл жылды СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдары қойған міндеттерді—социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын бірдей мықтап өркендету, сөйтіп еліміздің халқының азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен барынша қамтамасыз ету міндеттерін шешу жолындағы күрес пен табыс жылы етіп өткізді. Облысымызда быйыл егіс көлемі едәуір ұлғайтылды, тың және тыңайған жерлерді игеру жоспары орындалды. Колхозшыларымыз бен МТС, совхоз жұмысшылары мемлекеттің жәрдеміне сүйене отырып және өндіріске ғылым мен озат тәжрибенің табыстарын барынша енгізе отырып, егін өнімділігін арттыра түсті.

Бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астықтың, әсресе неғұрлым бағалы азық-түліктік дақыл—жаздық бидайдың мол өндірілуіне байланысты колхоздардың басқа да шаруашылық салалары, оның ішінде мал шаруашылығы өрге басты. Қоғамдық мал барлық түлік бойынша өткен жылғыдан едәуір көбейіп қана қойған жоқ, сонымен бірге мал шаруашылығының өнімдері де анағұрлым артты. Осыған байланысты колхоздардың экономикалық қуаты нығайып, колхозшылардың табысы көбейе түсті.

Тың және тыңайған жерлерді игеру колхоздардың экономикалық қуаттылығын нығайта берудің бірден бір резерві екендігін көрсетті. Мұны дәлелдеу үшін мынадай бір мысал келтірейік. Булаев ауданындағы Коминтерн атындағы колхоз быйыл тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемін 4564 гектарға жеткізді, басқаша айтқанда, артельде егіс көлемі 1953 жылғыдан мың гектарға жуық арттырылды. Игерілген тың және тыңайған жерлерге негізінен жаздық бидай егіліп, оның әрбір гектарынан орта есеппен 12 центнер өнім алынды. Басқа участоктерден алынған өнім де жоғары болды. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады. Трактор жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жөнінде тапсырылған счеттар бойынша МТС пен толық есеп айырысты. Мемлекетке астықты өткен жылғыдағыдан үш есе көп сатты.

...жұмыстардың қорытындысын талқылап, ондағы көрсетілген кемшіліктерді жоюдың, бүлінген мүліктерді қалпына келтірудің және жоғалтқандарын орнына салудың шараларын жүзеге асырулары қажет. Колхоздың тексеру комиссиясы мал-мүліктерді хаттау жұмысының дұрыс жүргізілуіне тағайындалған мерзімі толық өтпеген мүлікті пайдаланудан шығарып тастау сияқты зиянды әрекетке жол берілмеуіне жетісуге тиіс.

Жылдық есеп жасаудағы тағы бір маңызды мәселе —колхоздың егін шығымдылығын арттыру, мал басын көбейту жөніндегі мемлекеттік жоспарлардың қалай орындалғанын анықтау. Бұл қазіргі колхозшылардың негізгі мүдделі мәселелерінің бірі болып отыр. Сондықтан тексеру комиссиялары бұл жағдайды тексеруге баса назар аударуға міндетті. Олар істің егжей- тегжейіне жету мақсатымен тексеру жұмыстарына алдыңғы қатарлы колхозшыларды, агрономдарды, зоотехниктерді, колхоздың дала бригадаларының бригадирлерін, ферма меңгерушілерін толығынан қатыстырулары қажет.

Колхоз өндірісінің үздіксіз өсуін, колхозшылардың табысы арта беруін қамтамасыз ету үшін қоғамдық қорларды барынша толықтырып отырудың маңызы зор. Олай болса, жылдық есеп жасау, колхоздың ақшалай және заттай табыстарын бөлу кезінде әрбір шаруашылықта құйылған тұқым қорының келесі жылғы салынатын егіс көлеміне толық жетерлік мөлшерде болуын қадағалау қажет. Сондай-ақ ауылшаруашылық артелінің Уставына сәйкес колхозда бөлінбейтін қордың, хауіпсіздік қорының, тағы басқа қорлардың жасалуын қарастыру керек, бұл қорларды ұқыптылықпен сақтауды қамтамасыз ету қажет.

Жылдық есептің тез және дұрыс жүргізілуі колхоздың бухгалтерлік есеп-қыйсап жұмыстарының жағдайына тығыз байланысты. Сондықтан колхоз есепшілері мен бухгалтерлері есеп-қыйсап документтерін, колхозшылардың колхозға берешегі мен алашағы, түрлі мекемелер, жеке адамдар мен колхоз арасындағы ауыс-түйіс жөніндегі документтерді дұрыстауға міндетті.

Колхоздарда жылдық есеп жасалып болғаннан кейін оны қабылдау және қарап шығу МТС-ке жүктеледі. Сондықтан бұл жұмыстың дұрыс ұйымдастырылып, тыянақты атқарылуына МТС басшылары тікелей қатысуға міндетті. Колхоз есебі жөніндегі МТС-тің нұсқаушы- бухгалтер...

## Советтік Қазақстанда

### Жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ҮШТӨБЕ, (ҚазТАГ). Үштөбе жөндеу-механика заводының коллективі жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындады.

Кәсіпорынның ашылғанына он жыл толды. Ол МТС-тің жөндеу мастерскойының негізінде құрылған болатын. Соңғы бес жылдың ішінде ғана мұнда өнім шығару төрт есе артты. Завод ауылшаруашылық машиналарына арналған запас бөлшектер, темір арқанды сүйретпелер, сыдыра жыртқыштардың бөлшектерін шығарады. Оның өнімі республика МТС-теріне ғана емес, сонымен қатар Закавказьеге, Украинаға, Белоруссияға да жіберіледі. Завод жуырда қар жыртқыштар шығаруды меңгерді. Қар жыртқыштардың алғашқы тобы жаңа жерлер игерілетін аудандарға жөнелтілді.

Заводпен бірге оның адамдары да өсті. Бұрынғы көмекші жұмысшылар Великотный, Григорьевский және Ким участок бастығына дейін, токарь Бородушкин смена мастеріне, экспедитор Тарасенко механика цехының бастығына дейін, слесарь Свиридов жоспарлау бөлімінің бастығына дейін өсті.

### Трактор жөндеудің озаттары

ЖАМБЫЛ, (ҚазТАГ). Жамбыл МТС-інің механизаторлары тракторлар мен басқа тіркеме құрал-саймандарды жөндеудің тоқсандық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Быйыл МТС мастерскойында цехтарды қайта жоспарлау жүзеге асырылды, жабдықты пайдалану кезіндегі иесіздік жойылды. Мұның нәтижесінде механизаторлар аз адамның өзімен машиналарды өткен жылдағыдан екі есе тез жөндейтін болды.

Жиенбет, Шу МТС-терінің, төменгі Талас ММШС-інің механизаторлары тракторлар жөндеудің тоқсандық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мұның өзі жуу цехындағы жұмыс өнімділігін он есе арттыруға мүмкіндік берді.

Ащылысай МТС-і мастерскойында ме...



Алматы. Қазақтың педагогикалық әйелдер институтында 650 қазақ қызы жоғары білім алуда. Негізгі сабақпен бірге олар қолөнер шеберліктерін де игеруде.

СУРЕТТЕ: оқытушы **Р. Құрбанова** (сол жақтан екінші) география факультетінің бірінші курсында үлгі пішу мен киім тігу сабағын өткізуде.

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

### Механизаторлар ауыл шаруашылығының экономикасын оқып үйренуде

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Үштөбе МТС-нің пар[illegible] ұйымы колхоздарда жұмыс істейтін трактор бригадаларының бригадирлері, механиктері, агрономдар мен зоотехниктер үшін ауыл шаруашылығының экономикасын оқып-үйрену жөнінде семинар ұйымдастырды. Семинарға мамандармен бірге механизаторлар қатыстырылды. МТС-тің бас инженері Семижоновтың мал шаруашылығындағы еңбек көп [illegible]тетін процестерді механикаландыру туралы жасаған лекциясына көптеген жөндеуші жұмысшылар қатысты. Лекциядан кейін сөз сөйлеген механик Ше[illegible], зоотехник Павлоченко өздерінің тәжрибесі туралы айтты. Молотов атындағы, Дзержинский атындағы колхоздардың механикаландырылған товарлы сүт фермаларында жемшөп әзірлеуді механикаландыру жөніндегі жұмыстарды күшейтуге көмектесті. Механизаторлар әрбір колхозда жай жемшөпті турау ісін жолға қойды, 12 жемшөп булағышты іске қосты.

Агроном Мулавконың картоп пен овощтың шығымдылығын арттыру жолдары туралы жасаған баяндамасы, МТС-тің бас агрономы Гринииннің топырақ өңдеудің Т. С. Мальцев жасаған жаңа жүйесі туралы оқыған лекциясы да зор назар аударды. Таяудағы сабақтар МТС-тегі шаруашылық есеп және жұмыстардың өзіндік құнын кеміту мәселелеріне арналды.

Ақсу, Шанханай, Қоғалы МТС-терінде ауыл шаруашылығын экономикасы...

### Жас механизаторлардың табыстары

КӨКШЕТАУ, (ҚазТАГ). Тың жерлер игеру жолындағы социалистік жарысқа быйыл облыс МТС-тері мен совхоздарының 150 комсомол-жастар бригадалары қатысты. Жаңа совхоздардың жастар бригадалары тың игеруде жоғары көрсеткіштерге жетті. Чернигов астық совхозындағы Николай Журба басқарған бригада жарыста бірінші орынға шықты. Бұл бригада 4.072 гектар тың көтеріп, жоспарлы тапсырманы бір жарым еседен аса артығымен орындады. Әрбір 15 аттық күші бар трактормен жұмсақ жер есебімен алғанда 1.058 гектар жер өңделді, 13 тонна жанармай үнемделді. Бригадаға облыстық комсомол комитеті мен Рузаев совхоздар тресінің ауыспалы Қызыл Туы берілді. Бригаданың барлық механизаторлары облыстық комсомол комитетінің Құрмет кітабына жазылды. Жарыста Бидайық совхозындағы Георгий Линниковтың бригадасы екінші орын алды. Оған қызыл жалауша берілді.

Жаңа жерлер игеруге белсене қатысқаны үшін облыстың мыңға жуық жас механизаторлары БЛКЖО Орталық Комитетінің Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің және облыстық комсомол комитетінің Құрмет грамоталарымен наградталды.

### Қостанайдың медициналық училищесіне 25 жыл толды

ҚОСТАНАЙ, (ҚазТАГ). Қазақ медицина училищесінің оқытушылары мен студенттер коллективі өз оқу орнының ұйымдастырылғанына 25 жыл толуын атап өтті. 25 жылдың ішінде 1700-ден аса фельдшерлер мен акушеркалар даярланды. Олардың көпшілігі облыстың медицина мекемелерінде жұмыс істеп жүр. Училище бітірген көптеген жастар институтқа түсіп, дәрігерлер болып шықты. Бұлардың ішінде балалардың жұқпалы ауру ауруханасының бас дәрігері Злобина жолдас, облыстық санитарлық-эпидемиялық станцияның бас дәрігері Гвоздева жолдас және басқалары бар.

ақшалай табысы 824.205 сом болса, быйылғы жылғы табысы —1 миллион 100 мың сом болып отыр. Колхозшылардың еңбеккүндеріне заттай және ақшалай табыс былтырғыдан әлдеқайда көп бөлінді.

Тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемін ұлғайтумен бірге, егін шығымдылығын арттыруда елеулі табыстарға ие болған Конюхов ауданының 5-6 колхозының жылдық табысы быйыл миллион сомнан асып отыр, сөйтіп бұл колхоздар миллионер шаруашылықтардың қатарына қосылды. Міне колхоздардың табысының өсуі жөнінде мұндай мысалдарды облысымыздағы басқа да аудандардың колхоздарынан көптеп келтіруге болады.

Шаруашылық жылының аяқталуына байланысты қазір барлық колхоздар жылдық есеп жасауға кірісті. Жылдық есеп жасау— ауылшаруашылық артельдерінің өміріндегі аса маңызды жұмыстардың бірі. Өйткені жылдық есеп әрбір колхоздың бір жыл ішінде не істегенін есептеу ғана емес, сонымен бірге колхоз басшыларының колхозшыларды творчестволық еңбекке жұмылдыруына, ірі және көп салалы шаруашылықты жан- жақты өркендетуге басшылық ету қабілетіне қорытынды жасау болып табылады. Сондықтан жылдық есеп жасау ісіне үстірт қарауға болмайды.

Бұл күндері бірқатар колхоздарда мал- мүліктерді хаттау жұмыстары қызу жүргізілуде. Бұл —жылдық есеп жасауға әзірліктегі аса маңызды жұмыс. Олай болса, колхоздың мал -мүлкі тек тізім бойынша ғана тексеріліп, есепке алынбай, олардың нақты бары -жоғы, сақталуының жайы мұқият тексерілу керек. Егер тексеру кезінде колхоз мүлкінің пайдалану мерзімі толық өтпей бөлінгені, немесе жоғалып кеткені байқалса, онда оны бүлдірген не жоғалтқан адамдар анықталуға тиіс. Мал- мүлікті хаттау аяқталғаннан кейін колхоз басқармасы бұл әрбір колхоздың жылдық есебі қалай жасалып жатқанын жете біліп отыруға тиіс. Сонымен бірге ол колхоз председательдеріне, есепшілерге, тексеру комиссиясының председательдеріне жылдық есепті жасау, колхоз шаруашылығындағы орын алып келген кемшіліктерді ашу, пайдаланылмай отырған ішкі резервтерді табу жөнінде күнбе- күн көмектесіп отыруға міндетті.

Жылдық есеп жасау жұмысын ойдағыдай өткізу колхоздарда есеп беру және есеп беру- сайлау жыйналыстарын өткізуді үлгілі әзірлеуге жағдай жасайды. Олай болса, бұл жұмысты тез және аса ұқыптылықпен жүргізу керек. Өткен жылы жекелеген колхоздар жылдық есеп жасауды төзгісіз ұзаққа созды. Осының салдарынан ондай шаруашылықтарда есеп беру және есеп беру- сайлау жыйналыстары белгілеген мерзімнен едәуір кешіктіріліп өткізілді. Мұндай кемшіліктерді быйыл қайталамау қажет. Барлық колхоздарда жылдық есеп жасау, оны колхозшылардың есеп беру және есеп беру- сайлау жыйналыстарында бекіту жұмыстары 1955 жылдың 20 февраліне дейін толық аяқталып, машина- трактор станцияларының қарауына тапсырылатын болуы керек. МТС басшылары әрбір колхоздың есебін терең зерттеп, дұрыс қорытынды беруге тиіс.

Колхоз партия ұйымдары жылдық есеп жасау жұмыстарын ойдағыдай жүргізу жөнінде колхоз басқармасына, тексеру комиссиясының мүшелеріне нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Коммунистер мен комсомолецтер бұл жұмысқа белсене қатысулары керек. Олар жылдық есеп жасау, оны есеп беру және есеп беру-сайлау жыйналыстарында талқылау жұмыстарын қазіргі аса маңызды шаруашылық жұмыстары —мал қыстату мен қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру істерімен ұштастыра жүргізуді колхозшыларға кеңінен насихаттауға міндетті.

## Көмірлің өзіндік құнын арзандатты

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). № 7 шахта коллектив болып жоғары өнімді еңбек ететін кәсіпорын. Мұндағы әрбір шахтер көмірді тапсырмадағыдан орта есеппен үш тонна артық орындады, ал кеншілердің еңбек өнімділігі өткен жылдағымен салыстырғанда 11 процент артты. Шахта отын шығарудың жылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады.

Шахтада көмір шығарылатын орындардың әр жерде болуы жойылды. Бұлардың бір-бірінен қашықтығы 200 погонметр қысқартылды. Мұның өзі бір тәулікте шығарылатын көмірдің орта мөлшерін 14 процент арттырды. Цикл алу графигінің енгізілуі шахтерлерінің жұмыс күнін қысқартуға көмектесті. Көмір шығаратын бригадалар қазір тек қана көмір құлатумен шұғылданады. Көмір екі сменада шығарылады, үшінші сменада кен шығарылатын орындар мен кен механизмдері жөнделеді. Жұқа көмір қабаттарын құлатуға «Горняк» комбайндары қолданылады. Батин жолдас басқарған бригаданың инициативасы бойынша лебедканың көмегімен скребкалы конвейерлері бір орыннан екінші орынға апару механикаландырылды.

Бұл шаралардың жүзеге асырылғаны шығарылған әрбір тонна отынның өзіндік құнын 1950 жылдағымен салыстырғанда 17 сом арзандатты.

Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін күресе отырып, кеншілер жаңа резервтерді іздестіріп табуда. Көмір шығарылатын орындарда металл тіректер қолдану, көмірдің өзіндік құнын едәуір кемітеді. Қуатты двигательдердің орнына қуаты аз двигательдер пайдалану электр қуатының жұмсалуын азайтты.

торлық ұсыныстары жүзеге асырылды. Қосестек станциясы сыяқты бұл станцияда тракторлар жөндеудің тоқсандық жоспарын орындағалы отыр.

## Паровозшылар отын үнемдеуде

ҚЫЗЫЛОРДА, (ҚазТАГ). Қызылорда депосының паровозшылары ауыр салмақты поездарды тез жүргізу, отын үнемдеу үшін жарысуда.

Машинист Самодин Қызылорда-Шиелі участогінде салмағы нормадағыдан 50 тонна артық поезд жүргізді. Ол бұл жолғы сапарында 2 мың килограмм отын үнемдеді. Аға машинист Емишев Қызылорда-Жусалы участогіндегі сапарын злік аяқтады. Ол ауыр салмақты поездың техникалық жылдамдықты сағатына төрт жарым километр арттырып жүргізді мұнда 2.487 килограмм отын үнемдеді.

Қызылорда паровоз депосының машинистері декабрьге ондаған ауыр салмақты поездар жүргізіп, көптеген отын үнемдеді.

...Көп жаңалық берген лекция өтеді.

## ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУДЫҢ ОЗАТТАРЫ

ГУРЬЕВ, (ҚазТАГ). 1954 жылы қоғамдық малға арнап жемшөп дайындаудағы аудандық комсомол ұйымдарының бүкілодақтық социалистік жарысының қорытындылары бойынша БЛКЖО Орталық Комитеті Қызылқоға аудандық комсомол ұйымына бірінші орын мен бірінші сыйлық берді. Аудандық комсомол ұйымы БЛКЖО Орталық Комитетінің құрмет кітабына жазылды, аудандық комсомол комитеті жеңіл «Москвич» автомашинасымен наградталды.

Новобогат және Ақсай аудандық комсомол ұйымдары екінші орын алды. Олар БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамоталарымен наградталды.

Қоғамдық малға арнап жемшөп дайындауға белсене қалысқаны үшін БЛКЖО Орталық Комитеті Теңіз ауданының «Родина» колхозының комсомол ұйымын Құрмет грамотасымен наградтады.

Ауыл шаруашылығының жас 7 озаты БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды, төртеуі сыйлыққа қол сағат алды. Бұлардың ішінде Зауыл ММШС-інің жастар трактор бригадасының бригадирі Қайреш Көпжасаров, Азғыр ММШС-інің тракторшысы Анатолий Кириллов және басқалары бар.

## Механизаторлардың рационализаторлық ұсыныстары

ҚОСЕСТЕК (Ақтөбе облысы), (ҚазТАГ). Қосестек МТС-інің механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді ойдағыдай жүргізуде. Бұған негізгі еңбек процестерін механикаландыру нәтижесінде қол жетті. Бұл іске рационализаторлар зор үлес қосты. Токарь И. Яковлев сеялка конустарын токарьлік станокте өңдеудің жаңа әдісін ұсынды, бұл әдіс еңбек өнімділігін бес есе арттыруға мүмкіндік берді.

фармацевтика факультеті ұйымдастырылды, оған орта мектеп бітірген 30 жас жігіттер мен қыздар қабылданды. Олар қысқартылған программа бойынша оқыйды.

## Оңтүстік Қазақстанның озат кәсіпорындары

ШЫМКЕНТ, (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанның озат өнеркәсіп, орындарының коллективтері бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін жарысып, жаңа жыл есебіне өнім шығаруда.

Шымкент химия-формацевтика заводы жылдық тапсырманы бірінші болып орындады. Ол қазірдің өзінде жоспарға қосымша 10 миллион сомның емдеу препараттарын шығарды. Қантағы мен Ащысай байыту фабрикаларының, «Ленгеруголь» тресінің № 2 шахтасының коллективтері келесі жылдың есебіне еңбек етуде.

Облыстық кәсіпорындары қазірдің өзінде жылдық жоспардан тыс 20 миллион сомның өнімін шығарды.

# Совет жазушыларының Бүкілодақтық Екінші съезі

25 декабрьде күндізгі сағат 3-те **А. Фадеевтің** председательдік етуімен съездің кезекті мәжлісі ашылды. Съезд А. Сурковтың «Совет әдебиетінің жағдайы және міндеттері туралы» баяндамасы және К. Симоновтың «Советтік көркем проза», С. Вургунның «Советтік поэзия», А. Корнейчуктың «Советтік драматургия», С. Герасимовтың «Советтік кинодраматургия», Б. Полевойдың «Балалар және жастар әдебиеті», Б. Рюриковтың «Советтік әдеби сынның негізгі проблемалары» және П. А. Антокольский, М. Әуезов пен М. Рыльскийдің «ССРО халықтары әдебиетінің көркем аудармасы» қосымша баяндамасы бойынша қарарды талқылады және қабылдады.

Съезд сол сыяқты Н. Тихоновтың «Дүние жүзінің қазіргі прогресшіл әдебиеті» баяндамасы бойынша қарарды бірауыздан қабылдады.

Съезд түрлі елдердің жазушылары ұсынып отырған 1955 жылы бейбітшілік және мәдениет мәселесінің негізінде біріккен бүкіл дүние жүзі әдебиет қайраткерлерінің өкілі кеңінен қатысатын жазушылардың Бүкіл дүниежүзілік конгресін шақыру туралы ұсынысын құттықтайды және қолдайды.

Съезд жазушылар Одағының уставын және Тексеру комиссиясының баяндамасын талқылады және қабылдады.

Бұдан соң съезд құрамында 134 адам бар жазушылар Одағының Басқармасын және құрамында 29 адам бар Тексеру комиссиясын сайлауға кірісті.

## Қорытынды мәжліс

Совет жазушыларының Бүкілодақтық Екінші съезі 12 күн бойы жұмыс істеді. Оның мінбесінен көптілді совет әдебиетінің барлық жанрларының өкілі болып табылатын 200-ге жуық адамдар және шет елдердің көптеген жазушылары сөз сөйледі.

Съезд совет жазушыларының идеялық бірлігін, олардың совет әдебиетінің дамуында жаңа биікке көтерілуге деген еркін, Коммунистік партияның Орталық Комитетінің құттықтауында көрсетілген совет әдебиетін онан әрі гүлдендірудің кең программасын жүзеге асыруға ұмтылушылығын айқын көрсетті.

Съездің ашылған күні сыяқты, 26 декабрьде делегаттар мен қонақтар қорытынды мәжліс басталудан көп бұрын Кремльдің Үлкен Сарайына лық толды. Күндізгі сағат 4. Президиум мүшелері өздерінің орындарына отырды. Үкмет ложасында—Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретарьлары **П. Н. Поспелов** және **М. А. Суслов** жолдастар.

Ең қарт орыс жазушыларының бірі **Ф. Гладков** съездің қорытынды мәжлісін ашық деп жариялады.

ССРО Жазушылар Одағының Басқармасын және Тексеру комиссиясын сайлаудың нәтижесін хабарлау үшін сөз есеп комиссиясының председателі **П. Скосыревке** берілді.

Басқарманың құрамына 134 адам сайланды: **А. Абашидзе, Б. Агапов, В. Ажаев, М. Алигер, И. Анисимов, П. Антокольский, С. Антонов, Н. Атаров, К. Атрахович (Крапива), М. Әуезов, С. Бабаевский, Н. Бажан, Г. Баширов (Разин), А. Баширов (Талвир), Д. Благой, П. Бровка, К. Ваншенкин, В. Василевская, А. Венцлова, С. Вургун, Б. Галин, Р. Гамзатов, С. Герасимов, Ф. Гладков, В. Гольцев, О. Гончар, Д. Гранин (Герман), Н. Грибачев, В. Гроссман, М. Гусеин, В. Друзин, В. Ермилов, А. Жукаускас (Виенуолис), Н. Зарьян, М. Ибрагимов, Вс. Иванов, А. Исаакян, М. Исаковский, З. Исраилова, Кази Наджми, Э. Казакевич, С. Капутикян, А. Карабаева, М. Каримов, В. Катаев, А. Каххар, Б. Кербабаев, В. Кетлинская, Л. Киачели, С. Кирсанов, В. Кожевников, П. Козланюк, А. Корнейчук, В. Кочетов, С. Куташ, С. Кулачиков, (Элляй) А. Кулешов, К. Курбансахатов, В. Лавренев, Г. Лахути, В. Лацис, Г. Леберехт, Г. Леонидзе, Л. Леонов, В. Лукс, А. Лупан, М. Линьков, А. Малышко, Г. Марков, С. Маршак, С. Михалков, К. Мицкевич (Я. Колас), С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов, Ғ. Мұстафин, Х. Намсараев, В. Некрасов, Г. Николаева, Л. Новиченко, К. Нугманов, (Яшен), В. Овечкин, С. Олейник, С. Орлов, В. Панова, К. Паустовский, Н. Погодин, Б. Полевой, Д. Поликарпов, Е. Поповкин, А. Прокофьев, С. Рагимов, Я. Ругаев, М. Рыльский, Б. Рюриков, А. Саксе, С. Сартаков, В. Саянов, С. Сергеев-Ценский, К. Симонов, В. Смирнов, С. Смирнов, Ю. Смолич, И. Смуул, В. Собко, Л. Соболев, М. Соколов, А. Софронов, А. Сурков, Т. Сыдықбеков, И. Тарба, А. Твардовский, Т. Тильвитис, Н. Тихонов, А. Токомбаев, Э. Топчиян, М. Турсын-Заде, П. Тычина, С. Улуг-Заде, А. Упит, А. Фадеев, К. Федин, М. Храпченко, М. Цагараев, А. Чаковский, А. Черненко, С. Чиковани, Н. Чуковский, М. Шагинян, И. Шамякин, М. Шолохов, С. Щипачев, И. Эренбург, А. Якобсон, А. Яшин.**

Сөз **П. Тычинаға** берілді. Ол съезд делегаттары атынан залда отырған шетелдік әдебиеттің өкілдерін, олар арқылы бүкіл жер шарының алдыңғы қатарлы жазушыларын құттықтады.

Делегаттар мен қонақтар шешеннің осында отырған шетелдік жазушылардың көзқарастары қаншалықты әртүрлі болса да оларды осы съезде гуманизмнің, бейбітшілік пен халықтар достығының ұлы идеялары біріктірді деген мәлімдемесін ду қолшапалақтаумен қарсы алды.

Совет жазушыларының Бүкілодақтық Екінші съезінің атынан Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне Үндеу қабылдау туралы ұсыныс ұзаққа созылған қолшапалақтаумен қарсы алынды. Барлығы орындарынан тұрды.

Үндеудің текстін **К. Федин** оқыды. Залда Коммунистік партияның және оның Орталық Комитетінің құрметіне әлсін-әлсін ду овациялар болып тұрды.

**Ф. Гладков** қысқа қорытынды сөз сөйледі. Біз жасампаз совет адамдары—коммунизм құрылысшыларын тәрбиелеуде аса зор әсер етерлік күші бар әдебиеттік творчествоның проблемаларын талқыладық,— деді ол.

Жазушы үшін, деді қорытынды сөзінде Ф. Гладков, әдебиетті бүкілхалықтық істің бір бөлігі еткен дүние жүзінде біздің партиямыздай партия бар екендігін сезініп, өмір сүруден артық үлкен бақыт жоқ.

Ф. Гладков совет жазушыларының Бүкілодақтық Екінші съезін жабылды деп жариялады.

# Лениннің жастық шағы—совет жастарына өнеге

Владимир Ильич Ленин —дүние жүзіндегі ең тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін салушы және оны жасаушы, біздің Коммунистік партиямыздың аса ірі ұйымдастырушысы, көсемі және ұстазы.

Адамзаттың бүкіл мәдени және идеялық мұрасын пайдалана және қорыта отырып, В. И. Ленин маркстік ғылымды пролетариаттың таптық күресіндегі жаңа жағдайларға сәйкестей ілгері дамытты. Сондықтан лениндік ілім тек Россия пролетариатының революциялық күресі үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүниежүзілік пролетарлық қозғалыс үшін де аса қымбат және бағалы болды және болып отыр.

Лениннің өмірлік жолы— барлық коммунистер үшін, бүкіл еңбекшілер бұқарасы үшін, жастар үшін үлгі. Біздің жастарымыздың қайсысы болмасын Ленинге ұқсауды, Лениндей болуды мақсат етеді, бұған жан-тәнімен тебіренеді, терең толқиды! Ленинше қарапайым, шыншыл және адал ниетті, әділ және жалынды, принципшіл және табанды, батыл және ұстамды, алыстан болжағыш және көреген болғысы келеді. Аса зор еңбексүйгіш, алға қойған мақсатқа жету жолында қайыспас күшті ерікі бар адам болғысы келеді.

Міне Лениндей болу үшін, яки өз өмірінің қайсыбір жағымен Ленинге ұқсау үшін, немесе тіпті, тым болмаса осындай аса жоғары мақсатқа ұмтылу үшін Владимир Ильичтің өмірі мен қызметін өте жақсы білу керек. Сүйікті Ильичтің өмір жолын байсалдылықпен, терең және жан-жақты үйрене беру керек.

Біздер үшін, яғни совет азаматтары үшін және бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері үшін Владимир Ильичтің өміріндегі әрбір саты баға жетпес асыл қазна болып табылады. Оны түсініп білу арқылы біз өзіміздің жалпыхалықтық бақыт жолындағы күресімізде күшке күш қосамыз, білім аламыз. Владимир Ильичтің жастық шағы жастар үшін үйренерлік, үлгі аларлық кезең болып табылады. Ленинге ұқсау үшін біздің жастарымыз оның балалық және жастық шақтарындағы характерінің белгілерін, сыйпаттарын өз бойына сіңіре беруі керек.

* * *

Владимир Ильич Ленин (Ульянов) 1870 жылы 22 апрельде, Россияның бел-ортасында, Волга жағалауындағы тыныш, көркем, жан-жағын түгел жеміс бақтары қоршаған Симбирск деген кішкене қалада туды. Қазір бұл қала Владимир Ильичтің құрметіне Ульяновск деп аталады.

Владимир Ильичтің ата-анасы алдыңғы қатарлы, білімді, жоғары мәдениетті адамдар еді. Лениннің әкесі Илья Николаевич Ульянов ол кезде Симбирск губерниясындағы халық училищелерінің инспекторы болатын. Ал одан кейін ол 14 жыл бойы Пенза және Нижний-Новгород (қазіргі Горький) қалаларында физика және ма... мұғалімі болып қызмет істеген.

Кенже қарындасы Оля ертеректе жас кезінде өлген болатын.

Ульяновтардың балаларының бәрі де аптаның соңғы күнін, сенбіні жақсы көруші еді. Өйткені бұл күні балалардың «Субботник» атты үй журналы шығатын. Журналдың редакторы Саша болды. Кешкілікте балалар асханаға жыйналып алып, онда әке мен ананың көзінше журналдағы барлық мақалаларды оқыйтын-ды. Журналда семья өміріндегі қызық оқыйғалар жөнінде карикатуралар, ребустар мен жұмбақтар жазылатын. Володя журналға мақалаларды өте көп жазып жүрді. Журналдың барлық номерлерінде де оның «Кубышкин» деген атпен қол қойылған әңгімелерін оқуға болатын еді.

* * *

9 жас толғанда Володя гимназияның (орта мектеп бұрын осылай аталатын) бірінші класына түсті. Ол үздік оқыды кластан класқа І-дәрежелі сыйлықпен көшіп отырды. Володя аса дарынды бала еді. Оның қабілеті күшті болды, оқу оған қыйындық келтірген жоқ. Бірақ, егер тек осы тума қасиеттер ғана Володяның үздік оқуын қамтамасыз етті десек, онда үстірт сөйлаған болып шығар едік. Осындай тамаша қабілеттерімен бірге Володя сабаққа өте байымдылықпен, төзімділікпен ұқыптылықпен дайындалатын.

Ол ешқашан да қандай істе болмасын асығуды ұнатпайтын. Мысалы, гимназияда класс шығармасының тақырыбы екі апта бұрын жарияланатын. Дегенмен осындай ұзақ мерзімге қарамастан гимназистердің тіпті бәрі дерлік жұмысты күннен-күнге кейін қалдыра беретін де, оны жазуға тек соңғы күндері ғана кірісетін.

Володя әдетте шығарманы дайындауды дереу қолға алатын да, бүкіл екі апта бойы тақырыпты баяндау үстінде жұмыс істейтін еді. Міне ол өзінің оқушылық шығармаларын былай жазатын: әуелі ол кіріспе және қорытынды бөлімдерімен бірге қысқаша жоспар жасайтын; содан кейін бір тарақ қағаз алып, оны нақ ортасынан екіге бүктейтін, сөйтіп қағаздың сол жағына бүкіл шығарманы черновик қалпында жазып шығатын да, ал қағаздың оң жағын ашық қалдырып отыратын. Бірақ бірте-бірте бірнеше күндер бойы дәптердің бос, ашық жағы да жазуға толып қалушы еді. Володя мұнда өзінің жаңа пікірлерін, түзетулерін, қосымшаларын, кітаптап алғандарын және тағы сондайларды жазатын-ды. Класс жұмысына бір күн қалғанда ол өзінің барлық түзетулерімен бірге шығармасын таза дәптерге көшіретін. Мұның нәтижесінде оның жазған шығармалары қызық, елеулі болып шығатын. Сондықтан оқытушы оларды үнемі класта дауыстап оқып, «плюсімен 5» қоятын. Өзінің жазба жұмыстарын осылай мұқыят дайындау қасиеті Лениннің бүкіл өмірі бойы сақталды. Бір күні әдебиет мұғалімі Володяға шығармасын қайтарып беріп тұрып, аса ...

бұл ілім[illegible]сенді түрде жүзеге асырушы бол[illegible]қты.

1887 [illegible]ың жазында Володя гимназияны ал[illegible] медальмен бітірді. Симбирск губерниясы[illegible] бастықтары «сұмдық қылмыс ж[illegible]н адамның» (олар дарға асылған А[illegible]ндрды осылай деп есепте[illegible]ді) інісіне [illegible]н медальді бермеу үшін тырысып [illegible]ы, алайда Володяның емтихандағ[illegible]аша жауаптары олардың бұлай істеу[illegible]мүмкіндік бермеді. Олар Володяға бер[illegible] мінездемеде: «Аса талантты, әрқа[illegible] зейінді және жыйнақы Ульянов барл[illegible] кластарда да ең озат оқушы болды, [illegible] курсты бітіргеннен кейін табыстар[illegible]муы және тәртібі жөнінен ең лайықт[illegible]қушы ретінде алтын медальмен на[illegible]ралды»,—деп жазуға мәжбүр болды.

Осы жылды[illegible]зінде-ақ Владимир Ильич аты-шулы Қазан университетіне оқуға түседі. Па[illegible]тшылық өкмет орындары дарға асылған [illegible]люционердің інісін университетке [illegible]гісі келмеді. Тек анасының ұзақ [illegible]қыт бойы ізденуі арқасында ғана ол [illegible]ниверситетке қабылданды. Алайда Во[illegible]ның университетте оқуы ұзаққа созы[illegible]ы. Патша чиновниктерінің студе[illegible]р мен алдыңғы қатарлы профессо[illegible]р үшін орнатқан қатаң тәртіптері та[illegible] рет толқу, наразылық туғызып оты[illegible]

Атап айту кере[illegible] Володя өзінің небары 17 жасар ке[illegible]-ақ нағыз революционер болды, өзі [illegible]руге тиісті жолды анық түсінді. Тү[illegible]ге алып бара жатқан приставтың: «[illegible]гітім, сен неге тулайсың? Алдыңда қа[illegible]ға тұрған жоқ па? - деген сұрағына [illegible]одя: «Қабырға екені рас, бірақ ол [illegible]к қой, түртіп қалсаң, құлап түседі»—деп жауап қайырған.

Тұтқындалған студе[illegible]ер түрмеде өзара қызу әңгімелесіп о[illegible]рып, түрмеден шыққаннан кейін кі[illegible]не істейтіні жөнінде бір-бірінен пікір [illegible]раса бастайды. Володяның да пік[illegible] сұрайды: «Ал сенің, Ульянов, не [illegible]стейтін ойың бар кейін?» Сонда ол [illegible]ғыз және сенімді түрде, алдында бір [illegible]а жол бар екенін, ол—революциялық [illegible]ол екенін айтып, жауап береді: «Ой[illegible]тын несі бар..: Менің жолымды үлк[illegible] ағам салып берді, яғный бұл жол—ре[illegible]люциялық күрес жолы». Міне осы ре[illegible]люциялық күреске Владимир Ильич бар [illegible]шін, денсаулығын, бүкіл өмірін сарп е[illegible]ті.

Тұтқынға алынған күні-а[illegible] Володя университеттен шығарылды. А[illegible]екі күннен соң Қазан губерниясындағы Кукушкино деревнясына полицияның [illegible]асырын бақылауына алынып жер ау[illegible]рылды. Мұнда, Кукушкино деревнясын[illegible]а оның апасы Анна тұрушы еді. Оны [illegible]Сибирьге жер аудару полицияның ашық ба[illegible]лауымен ауыстырылған болатын.

Лениннің революциялық қызмет[illegible] осылай басталды. Осы кезден бастап Владимир Ильич патшалыққа қарсы күреске, жұмысшы табы мен шаруаларды капита...

# Мың жұлдыз

Арқаның жібек белбеуіндей көк Есіл жыл сайын көркейе түседі. Есілге көз салып қарап тұрсақ, оның екі өңірі де лықыған мал мен теңіздей жайқалған егін.

Осы дәулеттің нақ ортасында Ленин атындағы колхоз бар. Бұл колхоз электрмен танысқалы ширек ғасыр толуға айналды. Тұңғыш туған бесжылдықтың бесігіне бөленген Торанғұл МТС-нің механизаторлары сол кездің өзінде-ақ «электр деген не?» деген сұраққа: «мың трактор» деп жауап бере бастаған-ды. Ол жылдары бұл колхозда жеті бас жылқы, отыз бас сыйыр бар-ды. Ал, қой-ешкі деген атымен болмайтын. Сол жылдары Әбу Байбатыров, Әбілмәжін Жүндібаев, Шал Қазбеков, Жұмағали Асылтаев, Бейсенбі Қарсақов сияқты жолдастар колхоз өндірісіне белсене араласты. Олар өз ортасынан шыққан Ақантаев, Байкөбенов сияқты жастарды алғаш рет тракторға отырғызды.

Көктемде жыл құсымен қанаттас келген бір «ЧТЗ» мен бір «СТЗ» тракторы колхоздың тың даласын мақпалдай қара парға айналдырды. Жұртшылық электрге, техникаға түсіне бастады. Партия мен үкметтің қамқорлығына сан-алуан алғыс айтты. Колхоз көп кешікпей бітік өскен егінді оратын комбайн да алды. Желмен жарысқан жүк машинасына да қол жетті. Электр қуатын, жаңа техниканы алған сайын колхоздың қоғамдық шаруашылығы да ілгері өрледі. Колхозшылардың материалдық тұрмысы жақсарып, ел мәдениеті жедел қарқынмен қарыштап алға басты.

Ленин атындағы колхоз мүшелері әуелгі кезде 100 шаңырақ болса, «Көктерек», «Мектеп» артельдері бірлескен соң 300 үйге жетті. Бастапқы кезде 1000 гектар егінді әрең орып, бастырса, енді 5000 гектар жерге әртүрлі дәнді дақылдарының тұқымын сеуіп, оны мезгілінде жыйнап алатын болды. Мал басы өсіп, оның өнімділігі артты.

Кешқұрым колхозды ауылда Ильич шамдары жарқырайды. Ауыл ортасында осы колхозбен біте қайнап, бірге өскен Ленин орта мектебі электр жарығымен нұрланып, алыстан көз тартады. Өршіл шаруашылықпен құрдас өскен мәдениет ортасы —Ленин мектебінен Октябрь ауданының көптеген колхоздарының жүздеген жас өспірімдері оқып, білім алуда. Оны бітіріп шыққан жүздеген жастар жоғары оқу орындарына түсіп, арнаулы мамандыққа ие болуда.

Біркезде осы мектепте әліппемен жаңа танысып, білімге жаңа бой ұра бастаған Алпысбай Есмағамбетов қазір Торанғұл МТС-де аға механик болып істеп жүр.

Үстіміздегі жылдың күзінде колхозшылардың көптен күткен бір келелі тілегі іске асты. Әрбір колхозшының үйіне электр шамдары орнатылды. Колхоз радиоторабы арқылы олар Москвадан, Алматыдан совет композиторларының тамаша әндерін, еліміздің жаңалық хабарларын тыңдайды.

XXXVII-жылдық Октябрь тойы күні колхоз электр станциясы колхоздың үйіне ... жарық берді. Солардың ка...



Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте Петропавл паровоз депосының токарі, комсомолка Валентина Башкатова қажырлылықпен еңбек етуде. Ол смена сайын екі, екі жарым норма орындайды.

СУРЕТТЕ: **В. Башкатова** жұмыс үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

# Озаттардың іс үлгісімен

Электр өнеркәсібі министрлігінің Петропавлдағы заводының барлық жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері астанамыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған игілікті бастамасын қызу құттықтап, ол бастамаға нақтылы іспен жауап беру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп келеді. Завод цехтарының жұмысшылары өндірісте еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсарта беру, өнімде ақау жібермеу күресін батыл жүргізіп, игілікті нәтижелерге жетісіп келеді.

Үстіміздегі жылдың өткен он бір айында заводта Тарасов жолдас басқаратын цех өнім шығаруда үздік алда келеді. Бұл цех коллективі жыл бойына еңбек өнімділігін еселеп арттырып, өнім сапасын едәуір жақсартты. Шығарылатын өнімде бірде-бір ақау жібермеуге жетісті. Сөйтіп, 1954 жылға белгіленген өндірістік программаны мерзімінен едәуір бұрын орындап шығып, қазір бесжылдықтың ақырғы жылы есебіне жұмыс істеуде. Цехтың Столбова, Третьякова және Евстафьева жолдастар басқаратын бригада мүшелері еңбек өнімділігін 25 процентке дейін арттырды.

Заводтың барлық бригадалары мен цехтарында және жекелеген жұмысшылары арасындағы социалистік жарыс барған сайын күшті қарқынмен өрістеп келеді. Завод партия, кәсіподақ ұйымдары социалистік жарыстың барысына бақылау жасап, еңбек өнімділігін арттыр... жібермей тек жоғары сапада ...

ішінде аралық және көмекші процестерді механикаландыру әдісін қажырлылықпен енгізуде. Сол сияқты, өндірісті және жұмысшылардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру, социалистік жарысты бұрынғыдан да зор көлемде өрістету, жұмыстың [illegible] үлгілеріне теңелу—осының бәрі за[illegible]та еңбек өнімділігін едәуір арттыруға, өндіріс алаңдары мен жабдықтардың неғұрлым жақсы пайдаланылуына мықтап әсерін тигізеді. Міне, жұмыстың бұл саласында да завод коллективі жақсы нәтижелерге жетісіп келеді.

Өндірісте жұмысшы қызметкерлердің мамандықтарын жетілдіре беру, олардың советтік озат техника тілін жете меңгеруі, сөйтіп, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің өндіріс орындарының алдына қойып отырған зор талаптарын мүлтіксіз орындап шығу, завод коллективінің басты міндеті екендігін мұндағы барлық жұмысшылар жете түсінеді. Олар еліміздегі өндіріс озаттарының іс үлгілерін жете зерттеп, олардан үйренуге үнемі көңіл бөліп отырады.

Үстіміздегі жылы да қаланың оқу орындарында сырттан оқушылар және кешкі мектептерде оқыйтын жұмысшылар саны өткен 1953 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық артты. Онымен бірге, Бүкілодақтық электр өнеркәсібі техникумының сырттан оқыйтын бөліміне осы заводтың да оған жуық жұмысшы-қызметкерлері оқыйды. Олардың ішінде цех бастығы Щеглов, таразышы Варнин және Веремеенко жолдастар бар. Өндірістен қол үзбей оқып жүрген завод жастарының барлығы сабақты «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаға үлгереді.

...ді. Кейініректе ол Симбирск губерниясындағы халық училищелерінің директорлығына тағайындалды да, өз өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте болды.

Илья Николаевич жастарды, әсресе кедей жастарды оқыту қажеттігін терең сезінген интеллигенцияның өкілі болып саналады. Ол кезде Симбирск губерниясында мектептер өте аз болды және сол мектеп үйлерінің өзі ескі, лас, әлдеқашан істен шыққан, тар болушы еді. Мұндай мектептер жөнінде халық арасында:

Земск мектебі
Тұрды да—құлады,—

деп, тіпті өлеңдер де айтылып жүрді.

Ол кезде халық ағарту ісіне қаржы өте аз мөлшерде бөлінді, бүкіл Россиядағы сияқты Симбирск шаруаларының да оннан тоғызы сауатсыз болды. Тіпті Симбирскінің өзінде де небары бір ғана гимназия және ерлер оқитын екі халық училищесі болды.

Патша чиновниктері халық ағарту ісіне қажетті көңіл аудармады, олар мужикке оқып керегі де жоқ деп есептеді. Ананьева дейтін шаруа әйел өзінің баласын гимназияға алдыру жөнінде арыз етіп, Александр III-ге хат жазғанда, патша бұл арыздың үстіне: «өзі мужик бола тұрып гимназияға ұмтылады: міне сұмдықтың қара басы—осы» деген бұрыштама соқты.

Илья Николаевич жұмыс істеген 17 жылдың ішінде губернияда 450-ге жуық мектеп салынды, мұғалімдерді қайта даярлау және оқыту жөнінде курстар ашылды. Олар сол кезде «Ульянов курстары» деп аталған еді. Илья Николаевич туралы мұғалімдер: «Ғажап, өте сирек кездесетін адам, біз ол сияқты бірде-бір бастықты, ол сияқты бірде-бір ұстазды және досты одан кейін көргеніміз жоқ»,—деген.

Жұмыс уақытында өзіне де, басқаларға қатаң талап қойғыш болған Илья Николаевич демалыс сағаттарында еліктіргіш, көңілді, ақжарқын әңгімеші бола білген, балалармен жиі қалжыңдасып оларға қызық ертегілер және өмірде өзінің байқағандарын айтып беретін болған.

Владимир Ильич әкесіне өте ұқсас болды. Бойы, кең шықшыты, жазық маңдайы, бет әлпеті Илья Николаевичке тартқан еді. Олардың мінезі мен әдеттерінде де көптеген ортақ белгілер бар-ды. Илья Николаевич үлкен жұмыста ерте сөнді, ол Володя 16 жас шамасына келген кезде қайтыс болды.

Владимир Ильичтің анасы, Мария Александровна, дәрігердің қызы болатын. Ол жоғары мәдениетті, ақылды, адамдардың тілегіне құлақ асқыш, ерік күші мол, мінезі берік және сонымен бірге көңілді, жылы жүзді тамаша әйел еді.

Ульяновтар семьясында жарасқан достық қатынастар болды. Әке мен ана өз балаларын жан-тәнімен жақсы көрді және оларды да осыған, ата-ананың махаббатына махаббатпен жауап беруге баулыды.

Ульяновтар семьясында 6 бала бар-ды. Володяның аға-інi, апа-қарындастарының бәрі де революционер болды: ағасы Александр «Народная воля» ұйымының мүшесі болған еді. Інісі Дмитрий Ильич және апасы Анна Ильинична мен қарындасы Мария Ильинична большевиктік жолға түсіп, Карл Маркстің ілімін жақтады.

...қайдағы езілген таптар туралы жазғансыз, мұның бұл жерде қандай қатысы бар»,—дейді.

Міне тіпті аса жас кезінің өзінде Владимир Ильич еңбекшілерді қанаушылықты және Россияның сол кезде өмір сүрген патшалық құрылысын жек көрген еді.

Владимир Ильич есте сақтау қабілеті өте тамаша бола тұра, ешқашан да өзінің бұл қасиетіне біржола сеніп қойған жоқ. Ол фактілерді есте қалғаны бойынша, шамалап емес, оларды асқан дәлдікпен баяндайтын. Ол өзі оқып, қарап отыратын орасан көп кітаптардан, газеттерден, журналдардан, хаттардан есте сақтағысы келген жерлерді міндетті түрде дәптеріне жазып алатын да, бұл жазғандарын кейін қайта-қайта оқып отыратын. Осылай жүйелі түрде өзімен өзі тыңғылықты, төзімділікпен жұмыс істеуінің нәтижесінде ол өзіне қажет байсалдылыққа және еңбексүйгіштік қабілетіне ие болуға жетісті.

Гимназияда оқып жүрген жылдары Володя әдеби шығармаларға құштар болды. Гогольдің, Некрасовтың, Пушкиннің, Лермонтовтың және Тургеневтің шығармаларын құмартып, тіпті бірнеше рет қайталап оқыды.

15—16 жасар жасөспірім кезінде Володя Маркстың «Капиталымен» таныса бастады. Бұл кітапты оның ағасы Саша Петербургтен ала келген болатын.

Жалтақсыз революциялық жолға Владимир Ильич 1887 жылы түсті.

Оны бұған итермелеуді тездеткен жағдайдың бірі Александр III патшаның өміріне қастандық жасауды дайындауға қатысқаны үшін ағасы Александрдың 1887 жылы 1 мартта Петербургте тұтқынға алыну фактісі болды. Александрдың және апасы Аннаның тұтқынға алынғаны жөнінде Симбирскіде жұрттың бәрінен бұрын Ульяновтар семьясының жақын досы В. В. Кашкадамова естіген еді. Ол мұндай ауыр хабарды шешесіне қалай естірту туралы ақылдасу үшін Владимир Ильичті (ол 8 класста оқитын) гимназиядан шақыртып алды.

«Хатты оқып шыққаннан кейін,—деп жазады Кашкадамова, — Ленин қабағы қатты түйілген қалпы ұзақ үнсіз отырды. Менің алдымда отырған бұрынғы, ақжарқын бала емес, маңызды мәселе жөнінде терең ойланған ересек адам еді. «Іс оңай емес,—деді ол.—Саша үшін жаман аяқталуы мүмкін».

Ағасы Александр мен Аннаны босатып алу үшін іздеңуге Петербургке кеткеннен кейін Кошкадомованың айтуына қарағанда, ол: «Демек, Саша басқаша істей алмаған, демек, ол осылай істеуге тиіс болған»,—деп бірнеше рет, қайта-қайта айта береді екен.

Патшаға қастандық жасауды басқарушылардың бірі болып табылып, Александр Шлиссербург қамалында 1887 жылы 8 майда дарға асылды. Сүйікті ағасының өлімін естігенде, Ленин: «Жоқ, біз бұл жолмен жүрмейміз, біз басқа жолмен жүреміз», —дейді.

Бұл жолды Ленин Маркс пен Энгельстің революциялық ілімінен тапты. Осыдан бастап Маркс пен Энгельстің шығармалары Ильичтің сүйіп оқитын кітаптарына айналды. Ленин маркшіл, Маркс пен Энгельстің ілімін қорғаушы және ...

...күресіне жұмылады.

* * *

Кукушкинода Ленин бір жылға жуық тұрды. Содан кейін оған Қазанға ауысуға рұқсат етіледі. Мұнда оның анасы тұрушы еді. Ленин университетке тағы да түспек болады, алайда оған рұқсат етілмейді. Сондай-ақ полиция департаменті Лениннің шетелге шығып онан әрі білім алғысы келетіні жөніндегі өтінішін де қанағаттандырмайды. Осы уақыттан бастап Владимир Ильич алғаш Қазан мен Самарада, кейін Петербургте астыртын революциялық жұмыс жүргізеді.

1889 жылы Ленин семьясымен бірге Самараға көшеді. Атап айту керек, бұл уақытта Ленин кемеліне келген маркшіл болды. Ленин «Коммунистік партияның манифесін» орыс тіліне өзі аударды.

Революциялық жұмысты жүргізумен бірге Ленин университетке емтихандар тапсыруға да ойдағыдай даярланды. Ешкімнің де көмегінсіз, өздігінен, табандылықпен, қажырлы жұмыс істеген бір жыл ішінде ол жақсы даярланып, Петербург университетінде емтихандарды тамаша нәтижемен тапсырды. Емтихан тапсырған 33 адамның ішінде тек Ленин ғана бірінші дәрежелі диплом алып шықты. Ол кезде Ленин небары 21-ақ жаста еді. Оның университет курсын осылай тамаша табыспен аяқтауына, оның қабілеттерін былай қойғанда, ғажап байсалдылығы және еңбексүйгіштік қасиеті көмегін тигізді.

1893 жылдың авгусында Владимир Ильич Самарадан Петербургке, өнеркәсіп пролетариатының қалың жеріне, революциялық күрестің орталығына ауысады. Аса үлкен сақтықпен және революционерлерге тән конспирацияны сақтай отырып, ол Петербургтегі маркстік астыртын үйірмелердің жұмыстарымен таныса бастайды, содан кейін олардың жұмысына белсене араласады. Маркстік үйірмелерді ол капиталистерге қарсы, патшалық жүгенсіздікке қарсы бірлескен, ұйымдасқан түрде күрес жүргізуге жұмысшыларды үйретеді.

Петербургтегі бүкіл маркстік үйірмелерді Ленин бір ұйымға біріктірді. Бұл ұйым «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» деп аталды. Бұл ұйымды Ленин өзі басқарды. Жұмысшыларға арнап листовкаларды және үндеулерді де өзі жазды. Көп кешікпей осы ұйымның басқаруымен жұмысшы ереуілдері өтіп отырды. Бұл ұйымды Россия қалаларындағы басқа да маркстік ұйымдармен байланыстыру үшін Ленин көптеген жұмыстар жүргізді. Болашақ большевиктік партияның іргетасын Владимир Ильич осылай қалап, орыс маркшілдерінің көсеміне айнала бастады.

Владимир Ильичтің жастық шағы аяқталды, Маркстік-Энгельстің ісін ұлы алға апарушы, пролетар революциясының кемеңгер көсемінің кәмелетке келген жылдары басталды.

Лениннің жастық шағы, сондай-ақ оның бүкіл өмірі—жаңа, тапсыз коммунистік қоғам орнатушы коммунист, комсомолец және Совет Одағының азаматы қандай болуға тиіс екендігінің тамаша үлгісі.

**Қ. НҰҒЫМАНОВ.**

...тарында 400 оқушысы бар Ленин орта мектебі де, 100 бала тұратын интернат та электр нұрымен жайнады. Бір кездегі ұсқынсыз, көріксіз Қабай, Тұяқ ауылдары, міне бүгін Ильич шамы жарқыраған көрнекті, салтанатты селоға айналды. Колхоздың астық сарайында, фермаларда, қоғамдық мекемелерде тізілген мың жұлдыз—электр шамдары жайнайды. Мың жұлдызды жарқыратқан электр моторы колхоздағы қайнаған өмірдің жүрегіндей соғады.

**Ғалым МАЛДЫБАЕВ.**

## ИГІ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Преснов ауданы, «Жизнь» колхозының шошқа фермасының күтушілері (ферма меңгерушісі С. Клименко жолдас) шошқаның күтімін жақсартып, оның қондылығын арттыруға жетісуде. Колхоз бойынша шошқа өсірудің жоспары артығымен орындалды. 87 мегежіннен 599 торайдың орнына, 820 торай алынды.

Жуырда колхоз басқармасы алдыңғы қатарлы шошқашыларға қосымша ақы берді. Қарамағындағы 27 аналық шошқаның әрқайсысынан жоспар бойынша 7 торайдың орнына 10 торайдан алғаны үшін Вера Малюка қосымша ақыға 13 торай алды. Сол сияқты, шошқа күтушілер Ткач Нина, Мария Дитюк және басқаларға да бірнеше торай берілді.

**Х. АХМЕТОВ.**

## Жауынгерлер жол құрылысына келді

Армиядан қайтқан біртоп жауынгерлер жақында Петропавлда ұйымдастырылған қазақтың №1 территориялдық құрылыс басқармасына келіп, облысымыздың жол құрылыстарында жұмыс істеуге тілек білдірді. Олардың ішінде ағаш шебері Ясюкевич, шофер Буляков, моторист Бураков, штукатуршы Кириллов және басқа жауынгерлер бар. Бұл жауынгерлер қазір Петропавл Марьевка жол құрылысында жұмыс істеп жүр.

Петропавл-Марьевка жол құрылысында жұмыс істеп жүрген мұндай жауынгерлердің саны 30-дан асады. Олар басқа жұмысшылар сияқты социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Бұрынғы жауынгерлер армиядағы сияқты еңбек вахтасында да еселеген қарқынмен еңбек етіп, игі жұмыстың тамаша үлгілерін көрсете бермек.

**А. БЕЗДЕНЕЖНЫХ.**

## Спорт кеші

Жақында қаладағы № 5 орта мектепте спорт кеші болып өтті. Онда «Спартак» ерікті спорт қоғамының нұсқаушысы Заар жолдас «Совет спортшылары дүниежүзілік рекордтарға жету күресінде» деген тақырыпта лекция оқыды. Лекциядан кейін қаланың штангашылары, боксшылары мен гимнастшілері өздерінің спорт шеберліктерін көрсетті. Штанга бойынша облыс чемпионы В. Новиков және жас спортшылар Бектасов, Ивановтар өздерінің спорт шеберліктерін ойдағыдай меңгергендіктерін байқатты.

**В. КАРГАПОЛОВ.**

...өнім берушілердің, жұмсалатын материалдарды, шикі заттарды үнемдеп жұмсаудың озат үлгісін көрсеткен жұмысшы-қызметкерлердің іс тәжрибелерін бұқар игілігіне айналдыруға жете көңіл бөліп отырады. Соның нәтижесінде заводтың көптеген жұмысшылары өнім шығаруды едәуір жақсартып, оның сапасын арттыра түсті. Өндіріс озаттары Майорова және Скальская жолдастар сменалық, өндірістік тапсырманы біржарым еселеп артық орындауға жетісті.

Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің өндірістегі озат тәжрибелерін завод жұмысшылары өз істеріне батыл енгізіп, өндірісте еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Мұндағы жұмысшы қызметкерлер бесінші бесжылдықты белгіленген мерзімнен бұрын орындап шығу үшін, пайдаланылмай келген ішкі резервтері мен мүмкіншіліктерін толық есептеп іске қосуда.

Завод коллективі отандық жаңа техника мен озат технологияны өндірісті комплексті механикаландыру, соның...

Завод жұмысшыларының жұмыстан кейін мәдениетті дем алуларына мұнда қажетті жағдайлар жасалған. Заводтың жұмысшылар комитеті ондаған өндіріс озаттарына жыл сайын путевка беріп, еліміздің ірі қалалары мен селоларындағы санаторийлерге және курорттарға жіберіп тұрады. Мәселен, үстіміздегі жылы цех бастығы Тарасова, бухгалтер Ломов жолдастар Қырымда, өндіріс озаты Кулакова және шофер Водолажкин еңбек демалыстарын Щучье санаторийінде өткізді.

Бұл күндері электр өнеркәсібі министрлігінің Петропавл заводының жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты қызу қарқынмен жүргізіп, 1955 жылы өндірістік жаңа табыстарымен қарсы алу үшін қажырлылықпен еңбек етуде.

**Ж. МҰҚАНОВ.**

# Байланыс мекемесінің озат қызметкерлері

Біздің советтік қоғамымызда қандай қызмет болмасын, қандай іс болмасын бағалы да, абройлы да. Кім қандай қызмет атқармасын өзінің қолынан келген қарапайым қызметімен, өзінің адал еңбегімен халқымыздың игі мақсаты—коммунизм құрылысына елеулі үлес қосады.

...Евдокия Ивановна Величконы Явленка селосында білмейтін адам кемде-кем. Оны село жұртшылығының бәрі де қошемет пен құрметке бөлеп, қадір тұтады, өздерінің сыйлы қонақтарындай әр уақытта жылы жүзбен қарсы алып отырады. Ол жауапты және абройлы міндет атқарады. Евдокия Ивановна 20 жылдан астам Ленин аудандық байланыс мекемесінде почта тасушы болып істеп келеді. Ол күнде таңертең өзінің былғары сумкасын газеттер мен журналдардың жаңа номерлерімен, көптеген кітапшалармен және әркімдерге жан-жақтан келіп жататын хаттармен толтырып алады да, оларды 250 үйге таратады. Бұл—аз емес. Сонда да қызмет еткен жылдардың ішінде Евдокия Ивановнаның жұмысы жөнінде шағым болған жоқ. Оның адал және мінсіз атқарып жүрген еңбегі әрдайым жоғары бағаланып келеді.

Евдокия Ивановна үстіміздегі жылы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталды. Явленка селосының еңбекшілері де Евдокия Ивановнаның қажырлы еңбегі үшін оған зор сенім көрсетті. Ол биыл үшінші рет халық соттарының заседательдігіне сайланды. Қарапайым совет әйелі, почта тасушы Евдокия Ивановна совет заңын қырағы қорғау жұмысына белсене араласып жүр.

Коммунист Кирилл Алексеевич Чепурной жолдас та осы мекеме коллективінің мақтанышына айналған адамдардың бірі. Ол Явленка совхозындағы Бесқұдық почта бөлімшесін басқарады. Бұл бөлімшенің қамтуында совхоздың орталық усадьбасы, оның төрт фермасы, Ленин атындағы колхоз, Пушкин атындағы МТС бар. Мұның бәрінде де телефон байланысы орнатылған. Чепурной жолдас жоғарыда аталған мекемелер мен елді пункттерге хат-хабарларды кезінде жеткізіп келеді.

Бұл бөлімшенің байланысшылары үстіміздегі жылы көрнекті табыстарға ие болды. Мұнда ақшалай кіріс табудың жоспары мерзімінен бұрын асыра орындалды. Жоспардан тыс 28 мың сом қаржы жыйналды. Сол сияқты еңбекшілер арасында 1955 жылға арналған газет, журналдар таратудың жоспары да ноябрь айында орындалды. Бөлімше жұмысын дұрыс ұйымдастырғаны және өз міндетін мінсіз атқарғандығы үшін Чепурной жолдас аудандық байланыс мекемесінен бірнеше рет алғыс және ақшалай сыйлықтар алды.

Байланыс мекемесінде Мария Наумовна Бондарцеваның еңбегі де айрықша көзге түсуде. Ол 8 жылға жуық аға телефистка болып істейді. Оның басқаруында екі адам телефон аппаратында және ... адам телеграмма қабылдауда жұмыс атқарады. Олардың әрқайсысы өз міндеттерін жауаптылықпен атқарады. Телеграммаларды тез қабылдап, тиісті жерлерге мерзімінде жібереді, телефонмен сөйлесушілердің тілегіне сай жұмыс істеп отырады. Бұлардың қатарына әсресе телефонистка Надежда Потапова жатады. Оның бұл жұмыста істей бастағанына аз уақыт өтсе де, ол өз міндетін тез меңгеріп алған телефонисткалардың бірінен саналады.

Бондарцева жолдас басқаратын коллектив қаржы жыйнаудың айлық жоспарын үнемі 120-150 процентке дейін орындап келеді.

Міне, сырт қарағанда бірден көзге түсе қоймайтын шағын ғана жұмыс атқарып жүрген адамдардың табысы осындай. Олардың барлығын тек бір ғана ой — Отан, халық игілігі үшін қажырлы еңбек ету сезімі билеген.

**Р. УӘЛИЕВ.**

# Егістік жерге қар көп тоқтатылсын

☆ ☆ ☆

## Қысқы агротехникалық шараларды мұқият жүзеге асырайық

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, колхозшылар мен МТС механизаторлары еңбекті тығыз ынтымақта істеу арқылы үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығын барған сайын өркендету күресінде бірқатар жұмыстар істеді. Келесі жылдың егісіне 948 мың гектар жер әзірлексе, оның 397 мың гектары—тың және тыңайған жерлер. Бұл өткен жылға қарағанда жер екі есе артық әзірленді деген сөз. Алдағы көктемде егістің 97 проценті быйыл дайындалған пар мен зябьке орналастырылады. Мұның өзі 1955 жылы барлық егіс көлемінен тұрақты әрі мол өнім алуға мүмкіншіліктің барлығын дәлелдейді. Егіннен мол өнім алу үшін қысқы агротехникалық шараларды мінсіз жүзеге асыру ісі де ерекше роль атқарады.

Ғылми зерттеу мекемелері мен социалистік егіншіліктің шеберлерінің көп жылғы тәжрибелері егіннен мол өнім алу күресінде агротехникалық шаралардың маңызды роль атқаратынын іс жүзінде дәлелдеп берді. Қысқы агротехникалық шараларының негізгі бір түрі — егіс алаңына қар тоқтату. Егіс алаңына қар көптеп тоқтатылса, жерде ылғалдың мол болуына келелі үлес қосатындығын, ондай аңыздарға жергілікті және минералдық тыңайтқыштарды көптеп қолдану тиімді екендігін, осы арқылы егін шығымдылығының жақсы болуын қамтамасыз ететіндігін тәжрибе көрсетіп жүр. Бұл жөнінде бірсыпыра мысалдар келтіруге болады.

Соколов ауданындағы «Путь Ильича» колхозының колхозшылары өткен қыста 154 гектар егіс алаңына қарды қалың етіп тоқтатты. Көктемде аңызға тұқым тоғыспалы әдіс бойынша себілді. Колхозшылар ауа райының қолайсыздығына қарамастан бұл участоктегі жаздық бидайдың әрбір гектарынан 22 центнерден өнім жыйнады. Ал, қар тоқтатылмаған участоктегі егіннің әрбір гектарынан алынған өнім небары 7-8 центнер ғана болды.

Чистян МТС-нің Кельм жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозында 168 гектар участокке қарды трактор қаржыртқышымен тоқтатты. Бұл жерден өнім қар тоқтатылмаған участоктердегі егіннің әрбір гектарынан біржарым центнерден артық болды. Осы фактілердің барлығы егіс алаңына қар тоқтату егін шығымдылығын арттырудың негізгі және қолайлы жолы екенін көрсетеді.

Қар тоқтатудың осындай ерекшеліктеріне қарамастан жекелеген МТС-тер мен колхоздардың басшылары және ауыл шаруашылығының мамандары агротехникалық шаралардың бұл түріне жете мән бермейді. Булаев ауданындағы Калинин атындағы МТС-тің қамтуындағы ... дай болды. МТС директоры Федько жолдас қар тоқтату ісіне атүсті басшылық жасады. Осы себепті МТС қамтуындағы колхоздарда небары 1486 гектар егіс алаңына ғана қар тоқтатылып, жоспардың төрттен бір бөлегі ғана орындалды. Аталған МТС- терде быйылғы жылы егін шығымының төмен болуын осыдан деп түсінуге болады.

МТС пен колхоз басшылары өткен жылдың бұл кемшіліктерінен быйыл нәтижелі қорытынды шығарып, қар тоқтату ісіне айрықша көңіл бөлулері керек еді. Демек, қар тоқтату жұмысының көлемі өткен жылғыдан быйыл едәуір ұлғайтылып отыр. Колхоздарда кемінде 800 мың гектар егіс алаңына қар тоқтатылуға тиіс. Бұл өткен жылғы жоспардан үш есе артық. Мұндай көлемде қар тоқтату үшін бұл іске трактор күшін жете пайдалану қажет. Сондықтан МТС директорларының, агрономдарының алдына зор міндеттер жүктеледі. Олар қар тоқтату жұмысының күні -түні бірдей жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Қысқы агротехникалық шараларға жете маңыз берген МТС-тердің, колхоздардың басшылары қар тоқтатуды ұйымшылдықпен өткізуде. Мәселен, Конюхов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының колхозшылары қар тоқтатуда тракторлардың жұмыс істеуін күтіп отырмады. Олар қар тоқтататын қалқандар жасауды қызу қолға алды. Сөйтіп, егіс алаңына қар тоқтатуды қарқынды жүргізіп келеді. Олар қазірдің өзінде қалқандардан, талдан 400 гектар егіс алаңына бөгеттер жасады. Осы сияқты «Пролетарское знамя» колхозының колхозшылары да 425 гектар егіс алаңына қар тоқтатты.

Дегенмен осы колхоздарды қамтыйтын Чистян МТС-нің басшылары әлі күнге дейін қар тоқтату ісіне жете мән бермей келеді. Қар тоқтатуда МТС-тің 26 тракторы жұмыс істеуі керек болса, бұдан бірде- бір трактор іске кіріспеген. Шынында МТС-те қаржыртқыш құралдар жеткілікті. МТС басшылары колхоздарда қар тоқтатудың графигі орындалуына жаны ашыған болса, онда істің жайы бұдан өзгеше болған болар еді. Мұның өз Чистян МТС-ндегілердің келесі жылы егіннен мол өнім алудың қамын осы бастан ойластырмай отырғандықтарын көрсетеді.

Бригадаларға техникалық жарамдылығы жақсы, кабиналары жылы «ДТ-54» және «С-80» тракторлары бөлінуге тиіс. Бригадада трактор қаржыртқыштарының, тіркеу саймандарының жеткілікті мөлшерде болуы қажет. Механизаторларға егіс алаңына қар тоқтату ісінің маңыздылығы, пайдалылығы жете түсіндірілуі және бұл жұмыстың әрбір бригадада тәулік бойы жүргізілуі керек.

Облыс колхоздарында быйыл кемінде 1500 трактор қаржыртқыштары жұмыс істейді. Осы техника күшінің жұмысты бір трактор қаржыртқышының жұмысқа тиімді пайдалануын қадағалап, қардың сапалы тоқтатылуын күнбе күн бақылап отырулары керек.

Егіннен мол өнім алу күресінде жергілікті және минералды тыңайтқыштар ерекше роль атқарады. Егіс алаңын тыңайту— егіннің шығымы жақсы болуына өз үлесін қосады. Жергілікті тыңайтқыштарға күл, құс саңырағы, көң және тағы басқалар жатады. Бұл тыңайтқыштарда өсімдікке қажет азот, фосфор және калий едәуір мөлшерде болады. Олар ауылшаруашылық дақылдарының шығымы жақсы болуын қамтамасыз етеді. Жергілікті тыңайтқыштар төгілген участоктерде егін өнімі бірнеше жыл бойы мол болады.

Облысымыздың бірқатар колхоздары егіс алаңын жергілікті және минералды тыңайтқыштармен тыңайту арқылы егіннің өнімі жақсы болуына жетісіп келеді. Ленин ауданындағы «Мир» колхозының колхозшылары быйыл тыңайтылған егіндік участоктерден өнімді тыңайтылмаған участоктердегі егіннің өнімінен 3,5 центнер артық алды.

Конюхов ауданындағы «Новый путь» колхозының колхозшылары 71 гектар егіс алаңының әрбір гектарына 1,5 центнерден түйірлі суперфосфат төкті. Бұл участоктегі егіннің гектарынан орта есеппен 22 центнерден өнім жыйналды. Ал, осы колхозда тыңайтылмаған участоктердегі егіннің әрбір гектарынан алынған өнім небары 13 центнер ғана болды. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан Полудень ауданындағы Чапаев атындағы колхоз темекі егілетін алаңның әрбір гектарына өткен жылы екі центнерден суперфосфат төккен болатын. Колхозшылар үстіміздегі жылы егіс алаңы көктемде тырмаланбай тұрып әрбір гектарға бір центнерден күл және 0,5 центнерден құс саңырағын төкті. Тұқым себер алдында тағы да егіс алаңы суперфосфатпен тыңайтылды. Осының нәтижесінде мұнда 25 гектар темекінің әрбір гектарынан 41,4 центнерден өнім жыйналды.

Алайда облысымыздың бірқатар колхоздарында жергілікті және минералды тыңайтқыштарды пайдалану өте- мөте нашар. Ондай колхоздардың басшылары егіншіліктің мәдениетін арттырудағы жергілікті және минералды тыңайтқыштардың маңызын жете бағаламай жүр.

Қазіргі міндет —жергілікті және минералды тыңайтқыштарды әзірлеу ісіне жете аудару, бұл іске қолда бар күш мүмкіншілікті жете пайдалану болып налады.

МТС және колхоз басшылары сол сияқты, ауыл шаруашылығының мамандары қысқы агротехникалық шаралардың мінсіз жүзеге асырылуына барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыруға тиіс. Бұл тың және тыңайған жерлерді игере...



Калинин қаласында А. М. Горький атындағы облыстық кітапхана үйі салынды. Кітапхана үйі жақсы жабдықталған. Оның оқу залында 620 орын, 6 қатарлы кітап сақтайтын орын бар. Жаңа үй архитектор И. П. Изотовтың жобасы бойынша салынды. Оның құрылысы мен жабдықтауына 4,5 миллион сом қаражат жұмсалды.

СУРЕТТЕ: А. М. Горький атындағы кітапхананың үйі.

(ТАСС-ның фотохроникасы).

## АНАЛАРДЫ НАГРАДТАУ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 18 августағы Указына сәйкес СССР Жоғарғы Советі Президиумының атынан облысымыздың бір топ әйелдерін ордендермен және медальдармен наградтады. Екі ана—Петропавл қаласында тұратын үй шаруасындағы әйелдер Кәрімова ...еруле Сафиуллақызы және Любовь ...трофановна Цимбал I дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталды. II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталғандардың ішінде Ленин ауданындағы Қарыш ауылдық Советінде тұрушы колхозшы әйел Жәмилә Бектемірова, Петропавл қаласында тұрушы үй шаруасындағы әйелдер Наталья Прокопьевна Вишнякова, Мария Андреевна Шилюкова, барлығы 12 ана бар.

21 ана III дәрежелі «Ана даңқы» орденімен, 29 ана I дәрежелі «Ана медалі» медалімен, 67 ана II дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталды.

## Студенттердің қамқорлығы

К. Д. Ушинский атындағы Петропавлдың мемлекеттік мұғалімдер институтының коллективі Совет ауданындағы Полтавка балалар үйін қамқорлыққа алған болатын. Студенттер балалар үйінде болып, қызықты әңгімелер өткізеді, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне бағалы сыйлықтар жіберіп тұрады.

Институт комсомол ұйымының инициативасы бойынша жаңа жыл қарсаңында оларға тағы да 50 дана түрлі әдебиет кітаптарын жібермек. Институт

# Механизатор кадрларын даярлау ісіне жете назар аударылсын

Колхоздардың экономикасын нығайту, колхозшылардың әл-ауқат-мәдени дәрежесін жақсарту ісінде МТС-тер маңызды роль атқарады. Демек, МТС колхозға көмек көрсетуде шешуші күш болып саналады. Бұл міндеттерді абройымен орындауға МТС-терде күш-мүмкіншілік орасан зор. МТС-тер мемлекет тарапынан қуатты жаңа техникамен жыл сайын жабдықталуда. Сонымен бірге ауыл шаруашылығының барлық мамандары МТС-терде тікелей қызмет істейді. Қазіргі уақытта агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлері мен барлық механизаторлар машина-трактор станцияларының штаттағы қызметкерлері болып саналады. Міне осы себептен де СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы МТС коллективтерінен барлық дақылдардың шығымының жақсы болуын, қоғамдық мал басының жедел көбейтілуін және мал өнімінің мол болуын толық қамтамасыз етуді талап етті. Бұл МТС-тердің алдында тұрған ең негізгі міндет.

Партиямыз бен үкметіміздің күнбекүнгі қамқорлығының нәтижесінде быйыл облыста трактор күші өткен жылғыдан 53,4 процент ұлғайды. Партияның шақыруымен МТС- терге жүздеген маман механизаторлар кадрлары келді. Осының барлығы тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі үстіміздегі жылдың мемлекеттік жоспарын асыра орындап шығуға, келесі жылдың егісі үшін жерді көптеп дайындауға мүмкіндік туғызды. Бұл біздің егіннен мол өнім алу жолында күресте қол жеткен алғашқы табыстарымыз ғана. Қол жеткен табыстарды баянды ету облыс еңбекшілерінің дәстүрлі істері болып саналуға тиіс.

МТС-тердің алдында әлі де жауапты міндеттер тұр. Оның негіздері—алдағы көктемгі егісті неғұрлым тұжырымды мерзімде өткізіп, егіннен мол өнім алудың берік негізін қалау, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемін барған сайын ұлғайту болып табылады.

Бұл аса жауапты міндеттерді жүзеге асыру үшін дала жұмыстарына техника күшін ғана емес, сонымен бірге механизатор кадрларын да әзірлеу керек. Үстіміздегі жылы механизатор кадрларының жеткіліксіздігінен және кейбір механизаторлардың техниканы жете білмейтіндіктерінен бірқатар тракторлар мен комбайндар жұмысқа өнімсіз пайдаланылды. Тракторлардың жүруінен тұруы көп болды және жағар, жанар май мөлшерден артық жұмсалды.

Маман және өз ісін жете сүйетін кадрларға берілген тракторлар мен комбайндардың жұмыс өнімділігі жақсы болғандығын, жанар, жағар майдың үнемделіп жұмсалатындығын, техникалық күтімді кезінде жүргізу арқылы машиналарды жөндеуге жұмсалатын мемлекет қаржысының едәуір бөлегі үнемделгендігін, ал техниканы жете білмейтін кадрларға бекітіліп берілген тракторлар мен комбайндардың жұмыс өнімділігі төмен болатындығын жанар майдың мөлшерден артық жұмсалатындығын жылма-жылғы жұмыс тәжрибесі айқын көрсетіп келеді.

Үстіміздегі жылы облыс МТС-теріне арнаулы курстарды бітірген 1800 механизатор кадрлары жіберілді. Олардың барлығы да партияның шақыруы бойынша берілген тракторлар мен комбайндардың жұмыс істеуінен тоқтап тұруы көп кездесті. МТС басшыларының міндеті мұндай кадрларды қазіргі уақытта қайтадан курстерде оқыту, сөйтіп олардың істегі шеберліктерін арттыру болып саналады. Жас кадрлардың арасында тәжрибелі механизаторлардың іс тәжрибесін тарату, жұмыста орын алған кемшіліктерді жоюдың жолдарын үйрету, сөйтіп оларды көктемгі егіс жұмыстарына маман кадрлар етіп даярлау кезек күттірмейтін іс.

Кейбір МТС-тердің басшылары мұндай кадрларды үйрету, оқыту орнына, оларды жұмыстан босататын болған. Мұндай басшылар курстарда оқып шыққан жас кадрларға мемлекеттің көптеген қаржысы жұмсалғандығын ескермейтін болса керек. Бұл мемлекет және МТС үшін өте зиянды. Сондықтан жас кадрларды тәрбиелеу ісіне МТС басшылары жете назар аударуы керек.

Дала жұмыстарының аяқталғанына екі айдай уақыт өтті. Осыған қарамастан МТС-терде жас кадрлардың мамандығын жетілдіру жөнінде ешқандай жұмыс істеліп отырған жоқ. Бұған облыстық кадрларды тәрбиелеу жөнінде МТС басшыларына әлі күнге дейін нұсқау бермей отыр.

Облысымызда машина-трактор паркі айдан-айға көбеюде. Келесі жылдың жұмыс көлемі көктемнің алғашқы күндерінен бастап барлық техниканың жұмысқа қатысуын қажет етеді. 20 декабрьге дейін облыс МТС-терінде 1040 тракторшы, 800 комбайншы, 120 трактор бригадалары бригадирлерінің көмекшілері жетіспейді. Осы жағдай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы және МТС-тердің басшыларын әлі ойландырмай отыр.

Маман кадрларды бір-екі айдың ішінде даярлап шығу қыйын. Техниканы жете меңгерген кадрлар әзірлеу үшін оларды кемінде төрт, немесе алты ай, одан да көп оқыту керек. Ал дала жұмыстарының басталуына небары төрт ай ғана мерзім қалды. Мұның өзі механизатор кадрларын әзірлеу ісін тезінен қолға алуды талап етеді.

МТС директорлары, МТС партия ұйымдарының секретарьлары уақытты босқа өткізбей, МТС жанында тракторшылар даярлайтын курстардың жұмыс істеуін, ол курстарды тәжрибелі оқытушылар мен және оқулықтармен қамтамасыз етулері керек. Сабақ өткізілетін бөлмелер көрнекі құралдармен жабдықталуы қажет.

Маман механизатор кадрларын даярлау міндеті МТС басшыларынан бұл іске күнбе-күн көңіл бөлуді, курстардың сабағы уақытылы өтіп тұруын талап етеді. Курске қатысушылар арасында үнемі лекциялар оқылып, баяндамалар жасалуға тиіс. Курстардың сабағында тракторшылардың істе жіберген кемшіліктерінің болу себептері нақтылы мысалдармен түсіндірілуі керек. Осы арқылы курсте оқушылардың орын алған кемшіліктерді өздері жоя алатын дәрежеге жетулеріне жетісу қажет.

Маман механизаторлар кадрларын әзірлеу—техниканы дала жұмыстарына неғұрлым тиімді пайдалану деген сөз. Трактор бригадаларында жұмыстың өнімді болуы механизаторлардың техникалық білімдеріне өте тығыз байланысты. Сондық-

жоспарының небары 50 процентте[н] [ға]на орындалуын. МТС директоры Елкин жолдастың бұл іске көріне- көзге қолда бар мүмкіншілікті пайдаланбауынан деп түсіну керек. Жағдай Ленин ауданындағы Пушкин атындағы МТС-те де осын-

...лық жұмыс тапсырманы толық жәнe асыра орындап отыруына, трактор бригадаларының бригадирлері мен МТС мамандарының істе күнбе-күн басшылық жасауына тікелей байланысты. Олар әр-

етуге келелі үлес қосатын болады.

**Я. САЛИКО.**

**Облыстық ауыл шаруашылығ[ы] басқармасы бастығының орынсары.**

...нің тәрбиешілеріне мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу жөнінде лекция оқып берді.

**Н. ОМАРОВ.**

...техниканы жете меңгеріп, өздерінің [і]с тәжрибелерін жетілдірді және еңбекте тамаша үлгі көрсетіп, астық өндірісін ұлғайту жолындағы социалистік жарыстың алдыңғы сапында болды.

Дегенмен бұл жас механизаторлардың арасында техниканы жете білмейтін кадрлар жоқ емес. Ондайларға бекітіліп

...ұйымдары мен МТС дирекцияларының бүгін таңдағы ең негізгі міндеттерінің бірінен саналады.

**М. МУСИН,**

**ҚКП облыстық комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің нұсқаушысы.**

## ЖЕРГІЛІКТІ ТЫҢАЙТҚЫШТАР ӘЗІРЛЕУДЕ

Конюхов ауданындағы «Пролетарское знамя» колхозының колхозшылары қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштарды әзірлеу жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізуде. Колхозда қар тоқтату жұмысына арнаулы бригада бөлінген. Қазірдің өзінде колхозшылар егістік жерді өңдеу үшін 150 тонна көң, 3 центнер күл дайындады.

**Ә. ӨМІРОВ.**

## ЖҰМЫС ЕКІ СМЕНАДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Петропавл ауданындағы Димитров атындағы, Чапаев атындағы және Фурманов атындағы колхоздар егіс алаңына қар тоқтатуды қызу жүргізіп келеді. Бұл колхоздарда Петропавл МТС-нің шынжыр табанды алты тракторы жұмыс істейді.

Механизаторлар трактор қуатын жұмысқа тиімді пайдалану үшін істі күндіз-түні бірдей жүргізіп келеді. Олар күндіз тракторлар мен мал қоралар[ы] жанына шөп тасыса, түнде сол тракторларға қаржыртқыштар тіркеп, егіс алаңдарына қар тоқтатады. Бұл жұмыста тракторшы Заболоцкий, Симонов, Вайсберг жолдастар еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Олар күн сайын өздеріне берілген тапсырманы 130—150 процент орындайды.

**А. ӘДУАҚАСОВ.**

## № 3 бөлімшеде

Жамбыл атындағы жаңадан ұйымдастырылған астық совхозы тың көтерумен бірге мал қыстатуға да үлгілі әзірленген болатын. Совхоздың бөлімшелерінде малшылар үшін тұрғын үй, малдар үшін қора салынды. Қазір совхоздың № 3 бөлімшесінде 500-ден астам қой бар. Шопандар Н. Қыстаубаев, Т. Молдахметов, Е. Әбдірахманов тағы басқалары қарамағындағы қойларды күтімді ұстайды.

**Е. СҰЛТАНОВ.**

# КОЛХОЗДАРДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ЖҮРГІЗІЛСІН

Партия мен Үкмет колхоздарда құрылыс жұмысының пәрменді дамуы жолында үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Жуырда Москвада болып өткен құрылысшылардың, архитекторлардың, құрылыс материалдары өнеркәсібі, құрылыс және жол машиналарын жасау өнеркәсібі, жобалау және ғылми-зерттеу қызметкерлерінің СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған Бүкілодақтық кеңесі бұның тамаша айғағы.

Қазір колхоздарда тұрғын үй құрылыстарын, мал қораларын және өндірістік қоймаларды стандартты жобамен әрі әсем, әрі берік етіп жасау үшін мемлекет барлық жағдайды жасап отыр. Колхоздарға құрылыс ағаштары бөлініп беріледі, ауылшаруашылық банкілерінен ұзақ мерзімді несие босатылады.

Бұл мүмкіншіліктердің тиімді пайдаланылуы —колхоздардың құрылыс жұмысына күнілгері дайындалуына және істі дұрыс ұйымдастыруына тікелей байланысты. Оны Ленин ауданы колхоздарында жүргізілген құрылыс жұмысындағы 1954 жылдың тәжрибесі де анықтай түсуде.

Үстіміздегі жылы жаңадан тұрғын үйлер және мал қораларын салуда, оларды күрделі жөндеуден өткізуде аудан бойынша табысты көрсеткіштерге ие болған Сталин атындағы, Воровский атындағы колхоздар бұл іске 1953 жылдың күзінен бастап дайындалды. Олар Краснодар өлкесіне, Иркутск облысына құрылыстық ағаш дайындауға арнаулы адамдар жіберді. Ал ауданның «Бұлақ», «Новый путь», «Мир», тағы басқа колхоздары жергілікті құрылыс материалдарын дайындау ісін үлгілі ұйымдастырды. Бұларда құрылысқа қажетті түрлі материалдар жұмыс маусымына дейін әзір болды.

Аталған колхоздарда қыс уақыттарында ағаш шеберлері есік-терезе, босаға және кәсек сияқты құрылыс материалдарын дайындады. Осының нәтижесінде Воровский атындағы колхозда 250 адамдық бір клуб үйі, «Мир» колхозында 150 бас мал тұратын қора және әрқайсысының сыйымдылығы 200 тоннадан шөп сүрлейтін екі мұнара жасалды.

Өткен жылдан бастап «Новый путь» колхозында тұрақты құрылыс бригадасы жұмыс істеп келеді. Бригада мүшелері қыста құрылысқа қажетті материалдар дайындады, шеберлер әйнек-есік, еден, төбе жабатын заттарды өңдеп, реттеді. Ал бригаданың басқа мүшелері құрылысқа қажетті ағаш, тас, құм және басқа материалдарды әзірледі. Осының нәтижесінде Жердев жолдас басқаратын құрамында 14 адам бар тұрақты құрылыс бригадасы жаз бірнеше жаңа үйлер салды. Олардың ішінде: 200 орны бар клуб, колхоз конторы, товарлы сүт фермасындағыларға арнап жасалған қызылмүйіс, сүт қоймасы, 100 бұзаулық үй, 100 сиырлық мал қорасы бар.

Ауданда құрылыс жұмыстарын жақсы ұйымдастырған жекелеген үлгілі колхоздар болғанымен аудан бойынша бұл істің барысы мүлдем қанағаттанғысыз. Атап айтқанда, 1954 жылы аудан бойынша 87 құрылыс объектісі белгіленсе, одан небары 23 құрылыс қана аяқталып, іске қосылды. Көптеген колхоздарда құрылыстар шала біткен күйінде тұр. Ол-ол ма, ауданның 11 колхозы тұрғын үй, мал қоралары құрылысынан тапшылық көре тұрса да, үстіміздегі жылы жаңадан бірде-бір құрылыс салмады. Мысалы, «Искра», «Славянка», «1 май», Киров атындағы колхоздарда быйыл салынған жаңа құрылыс атымен жоқ. Бұл колхоздарда «құрылыс маусымды жұмыс» деген қате пікір орын алған. Сондықтан оларда әлі күнге тұрақты құрылыс бригадасы жасалмай келеді. Ленин ауданы колхоздарындағы құрылыс жұмысының барысы өте нашар болуының бұлы себебі де міне осында.

Қазір келесі жылға жоспарланған құрылыс жұмыстарына алғашқай әзірлік басталды. Шаруашылықты жақсы ұйымдастырған колхоздардың құрылыс бригадаларының мүшелері осы кезде құрылысқа қажетті жергілікті материалдар: ағаш, тас, құм әзірлеуге кірісті. Бұл істе «Орталық», «Мир», «Новый путь», Молотов атындағы, Карл Либкнехт атындағы колхоздардың құрылыс бригада мүшелері қазір Красноярск өлкесінде құрылыстық ағаш дайындауда жүр.

Құрылыстық материалдар ішінде ең аз кездесетін үй төбелерін жабатын шифердің бір түрін қолдан істеген станокпен, шлак-бетоннан жасап шығару жөнінде «Новый путь» колхозының көтерген инициативасы аса бағалы. Бұл әдіс бойынша қолдан жасалған төбе жабатын материалдар берік, отқа жанбайды және азбесті шиферлерден 2 процент арзан. Мұны әрбір колхозда жасап шығаруға болады.

Ауданда құрылыс жұмысының қарқынды жүруіне бұл сияқты жекелеген колхоздар дайындығы жеткіліксіз екендігі мәлім. Ол үшін аудан қамтуындағы барлық колхоздардың өздерінің келесі жылғы құрылыстарына материалдар дайындау ісіне асқан жігермен қатысуы қажет.

Бірақ колхоздарда құрылыс материалдарын дайындаудың қазіргі барысы бұл талапқа сай болмай отыр. Көптеген колхоздарда, атап айтқанда, «Искра», Киров атындағы, Амангелді атындағы колхоздары жергілікті құрылыс материалдарын әзірлеу ісіне әлі де кіріспеген.

Колхоздарда жалпы құрылыс жұмысының баяу жүргізілуінде, оның ішінде қысқы уақытта құрылыстық материалдарды дайындау ісінің сылбыр болуы, бұл жөнінде тұрақты бригада құрылмағандықтан екенін атап көрсеткен жөн.

Колхоздар тұрақты құрылыс бригадасы болмағандықтан жаз бұл бригаданы кездейсоқ адамдардан ұйымдастыра салады. Оның ішінде құрылыс жұмысын жөнді білмейтін адамдар да болады. Тіпті кей жағдайда құрылысты бөгде адамдарға салдырады. Әрине, мұның бәрі де істің сапасыз болуына жол беріп жүр. Осымен бірге құрылыс бригадасын маусымды кезде ғана құратын зиянды практика жол алған жерлерде, әдетте қыс құрылыс материалдарын дайындау ісі ескерілмейді. Ал құрылыстық аса құнды материал болып есептелетін қамысты қыс әзірлеу әлдеқайда арзан түсетіні даусыз және оны тек қыстыкүні ғана сапалы дайындауға болады.

Колхоздағы құрылыс жұмысының ойдағыдай жүргізілуіне көп жерлерде құрылыс мамандарын дайындау ісіне жете мән бермеушілік те үлкен зиян келтіруде. Колхозға құрылысшы кадрларды көптеп дайындауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Министрлер Советінің қаулысы бойынша облыс орталығы Петропавлда колхоз құрылыс бригадирлерін даярлайтын үшайлық курстар ашылды. Амал қанша, құрылысқа да, құрылысшы мамандарға да сонша зәру болып отырған «Қазақстанның 30 жылдығы», Молотов атындағы, Амангелді атындағы, Буденный атындағы колхоздар бұл курстарға әлі бір де адам жібермей отыр.

Колхозды-ауылдың көрікті, әсем болуы жалпыға бірдей қуаныш, ортақ мерей. Олай болса, колхозшылардың тұрғын үйлерді кез келген жерге сала беруіне жол бермей, үйлердің тәртіппен орналастырылуына ерекше назар аудару керек. Бұл іске МТС басшыларының да белсене қатысып, колхоз құрылысының өскелең талапқа сай өрге баса дамуын қамтамасыз етулері тиіс.

Алдағы 1955 жылы колхоздарда құрылыс жұмысының ойдағыдай жүруі үшін бұл аса маңызды іске аудандық партия, совет және ауылшаруашылық органдары тікелей басшылық жасап, тұрақты құрылыс бригадасын ұйымдастыру, құрылыс мамандарын дайындау және оларға ақы төлеу жөнінде болып келген кемшіліктерді дереу жоюды қамтамасыз ететін шараларды іске асыруы қажет.

**А. КИЙКО,**

**Ленин аудандық Совет аткомінің колхоздар құрылысы бөлімінің бастығы.**

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

### Шайханадағы кемшіліктер

Түскі тамаққа: біріншісіне сорпа, екіншісіне тары ботқасы—міне, Полудень селосындағы шайханаға қай күні келсеңіздер де менюда көрсетілген осы тағамдардан басқа ешқандай ыстық ас іше алмайсыз. Өйткені, асханада бұдан басқа ешқандай тағам дайындалмайды.

Шайханада тазалық нашар, столдарға ұсақталмаған, шаңмен аралас тұз қойылған. Мұнда ыдыс-аяқ жетіспегендіктен көп реттерде официанткалар тамақ ішушілерге жуылмаған қасықтарды әкеліп береді.

Тамақ ішуге келген адамдар шешінбестен киімшең отырады, өйткені асхананың іші суық, есігі жабылмайды. Шайханада отыратын орын аз, жұмыстан кейінгі уақыттарда тамақтанушылар көп келеді де, отыратын орын жетіспей қалады. Сондықтан кейбіреулер шайханадан тамақ ішпестен кетіп қалуға мәжбүр болады. Шайханада көбіне су, сабын, орамал болмағандықтан келушілер қол жумастан тамақ ішеді.

Мұнда тағамдар, сол сияқты буфет арқылы сатылатын азық-түлік заттары басқа аудандардағыдан едәуір қымбат.

Шайханадағы осы сияқты кемшіліктерді шайхана басшылары мен аудандық тұтынушылар одағының қызметкерлері көрмей отыр ма екен?

**М. АНУФРИЕВ.**

### ДӘРІГЕРЛІК ПУНКТ АШЫЛСА ЕКЕН

«Еңбек» ауылшаруашылық артелі Ленин ауданындағы іргелі колхоздардың бірі. Мұнда орта мектеп, 70-ке жуық колхозшылар үйі бар. Мектепте 200-дей бала оқыйды. Колхозда оқушылардың және колхозшылардың денсаулығын, үйлерінің тазалығын байқап, оларға қажет болған жағдайда дереу дәрігерлік көмек көрсететін дәрігер болуы керек еді. Бірақ аудандық денсаулық сақтау бөлімі «Еңбек» колхозында дәрігерлік пункт ашып, оған дәрігер жіберуді және дәрі-дәрмек пен құрал-аспаптар бөліп беруді есіне алмай отыр.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі ескермесе, «Еңбек» колхозында дәрігерлік пункт ашуды аудандық денсаулық сақтау бөлімі ескеретін көрінбейді.

**Е. ИСАЕВ.**

### Моншаны неге жөндемейді?

Октябрь ауданындағы Абай атындағы ауылшаруашылық артелінде ағаштан салынған монша болатын. Бұл монша екі жылдай ғана жағылды да, соңғы жылдарда монша астық қоймасы орнына пайдаланылып келді. Ал, қазір ол пайдаланылмай бос тұр. Егер оның ішін жақсылап тазалап, еден, терезелерін жөндесе, қайтадан жақсы монша болар еді. Бірақ, мұны ескерген колхоз басшылары жоқ.

Колхоз орталығында бар моншаның өзі түсуге жарамағандықтан колхозшылар кейбір жеке адамдардың қарамағындағы шағын және тазалығы нашар моншаларды жағып түсуге мәжбүр болып жүр.

Колхоз басшылары моншаны жөндетіп, оны колхозшылардың пайдалануына беруді ескергені жөн ғой дейміз.

**М. БАЛАХМЕТОВ.**

*„Ленин туының" дабылынан кейін*

### „ҰЙЫМ ЖҰМЫСЫ НАШАР"

Газетіміздің осы жылғы 2 декабрьдегі номерінде осындай тақырыппен мақала жарияланған болатын. Онда «Сталин жолы» колхозының (Преснов ауданы) бастауыш партия ұйымының комсомол ұйымына басшылық жасамай және көмек көрсетпей отырғандығы, комсомол ұйымының жұмысы нашар екендігі сыналған еді.

Бұл жөнінде ҚКП Преснов аудандық комитетінің секретары Болатбаев жолдас редакцияға мынаны хабарлады: мақалад[а] көрсетілген фактілер толық анықталды. Комсомол ұйымының жыйналысы өткізіліп, онда комсомол комитетінің құрам[ы] қайта сайланды. Ұйым жұмысын жақсар[ту]ға бағытталған қаулы алынды. ҚК[П] аудандық комитетінің тарапынан парти[я] ұйымының секретары Сатин жолдасқ[а] комсомол ұйымының жұмысын үнемі ба[қ]ылап, көмектесіп отыру тапсырылды.

# Тарандықтардың бастамасына іспен жауап берейік

Партия мен үкметіміздің тарихи қаулыларымен жігерленген облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері өздерінің Отан алдындағы патриоттық борыштарын ұғына отырып, ауыл шаруашылығының барлық салаларын жоғары сатыға көтеру жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Ауыл шаруашылығы мәселесі мұндай зор маңыз алып отырған кезде, ауыл-село мәдени ошақтарының міндеттері де бұрынғысынан анағұрлым күрделілене түсті. Ауыл- село мәдениет орындары еңбекшілер арасындағы саяси тәрбие жұмыстарының қарқынды жүргізілуін, еңбек озаттарының жұмыс әдістері мен ғылым жаңалықтарының кең көлемде насихатталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ауыл -село мәдениет ошақтарының жұмыстарын колхоздардың өз күштерімен жақсартуда Костанай облысы, Таран ауданының еңбекшілері жақсы бастама көтерді. Олар ауданның барлық колхоздарында клуб, кітапхана, спорт алаңдарының болуы үшін нақтылы шаралар белгілеп, жеткілікті мөлшерде каржы бөлді. Сол сыяқты бұл ауданда колхоз селоларын көркейту және көгалдандыру жөнінде де көп жұмыстар істелген.

Тарандықтардың игілікті бастамасы облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарында да кызу қолдау тапты. Бұл колхоздарда тарандықтардың үндеуін талқылауға арналған жыйналыстар өткізіліп, оларда ауыл -село мәдениет ошақтарының жұмысын жақсарту және колхоз селоларын көркейту үшін қаржылар бөлінді. Мәселен, Приешім ауданының колхоздарында алдымыздағы жылы 11 клуб салынбақ, барлық елді- пункттер көгалдандырылады. Селолық кітапханалардың кітап қорларын толықтыру мақсатымен 75 мың сомның әртүрлі жаңа әдеби кітаптары сатып алынбақ.

Полудень ауданындағы «Путь Ильича» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің жалпы жыйналысы да игілікті қаулы қабылдады. Бұл колхозда мәдениет үйі, екінші бригадада радиоторабы салынып, спорт алаңы жабдықталады. Сол сыяқты Қамышлово селосын электрлендіру де қарастырылған. Бұл жұмыстарға 223 мың сомның қаржысы бөлінді.

Ауыл- село мәдени орындарының жұмысын жақсарту Преснов ауданының Молотов атындағы колхозында да дұрыс жолға қойылған. Колхоз мәдени жұмыстарға арнап жыл сайын 25- 30 мың сомнан қаржы босатып келеді. Колхоз клубында пианино, радиола, баян, шекті оркестр бар, арнаулы баянист, үйірмелердің көркемдік жағын басқарушы жұмыс істейді. Колхоз клуб үйін кеңейту және қайта жабдықтау жұмыстары үшін үстіміздегі жылы тағы да 65 мың сомның қаржысын бөліп отыр.

Колхозшыларды мәдениетті қамтуды Каганович атындағы колхоз да (Мамлют ауданы) тыңғылықты жүргізіп келеді. Колхоздың мал фермаларында кызыл мүйістер ұйымдастырылып, олар қажетті мәдени құралдармен, радиоқабылдағыштармен қамтамасыз етілді. Кызыл мүйіс-

рып келеді. Преснов ауданында тарандықтардың үндеуін небары екі колхоз ғана талқылаған, ал Октябрь ауданының бірде- бір колхозында үндеу талқыланбай отыр. Жаңа мәдениет орындарын салудың орнына, Октябрь ауданындағы Сталин атындағы колхоздың басшылары қолда бар клуб үйінің өзін Торанғұл МТС-не сатып жіберген. Ал аудандық Совет аткомі колхоз басшыларының бұл заңсыз істеріне көріне- көзге жол беріп отыр.

Конюхов ауданының колхоздары үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығы жұмыстарын зор табыспен аяқтады. Аудан колхоздарының көпшілігі миллионер колхоздар катарына қосылды. Колхозшылар мен механизаторлардың табыстары да анағұрлым артты. Демек, мұнда ауыл- село мәдениет ошақтарының жұмысын барынша жақсартуға, жаңа клубтар мен кітапханалар салуға толық мүмкіншілік бар. Алайда аудан және колхоз басшыларының инициативасыздығынан мұнда мәдениет орындарын салуға қаржы мүлдем жеткіліксіз бөлініп отыр. Жағдай Булаев ауданында да дәл осындай. Колхоздарда үндеуді талқылауға арналған жыйналыстарға катысқан ауданның басшы қызметкерлері колхозшылар мен механизаторлардың мәдени қажеттерімен алдын- ала танысып, оны толық қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін ешқандай шара қолданбады. Мәселен, аудандық партия комитеті «Красное знамя» колхозында жыйналыс өткізу үшін аудандық комсомол комитетінің секретары Еременко жолдасты жіберді. Еременко жолдас жыйналысқа дейін колхоздағы мәдениет орындарының жұмысымен танысып, колхозшылармен әңгімелесе отырып, мәдени- ағарту орындарының жұмысын одан әрі жақсартуға қандай жағдайлар туғызылуы қажет екендігін анықтауға тиіс еді. Амал не, ол мұны істеген жоқ. Соның салдарынан үндеу формальді түрде ғана талқыланып, мәдениет орындарының жұмысын жақсартуды көздеген нақтылы шаралар белгіленбеді. Қазір колхоз клубы ескіріп, жұмысқа жарамсыз жағдайға келген. Солай бола тұрса да, мұнда мәдениет орындарының құрылыстарына арналған қаражат мүлдем жеткіліксіз бөлінді.

Тарандықтардың бастамасын қолдауды ұйымдастырудан облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресі де тыс қалып келеді. Осы күнге дейін облыстың бірде- бір МТС-і мен совхоздарында бұл игілікті бастама талқыланған жоқ. Аталған мекемелердің басшылары тек шаруашылық жұмыстармен ғана шұғылданып, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің мәдени және тұрмыстық қажеттеріне көңіл бөлмейді. Шындығында, ең алдымен МТС-тер және совхоздар мен колхоздардағы мәдениет орындарының ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз ету, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар тресі басшыларының кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болып саналады.

### ССРО-ның Англиядағы уақытша елшісіне ... шын жұмысшысының хаты

ЛОНДОН, 2... кабрь. (СОТА). Ағылшынның «Три... апталығының редакциясына Ньюп...ты (Монмутшир) оқушы-жұмысшы ... Брейстен хат түсіп, ол бұл хатты С...ның Лондондағы уақытша елшісі Н. Белохвостиковқа жолдауды өтінген. Б... былай деп жазған:

«Осы аптада ... Англияда атом бомбалары тиелетін ам... бомбардировщиктерінің базалары ...п отырғанына қарсы және олардың командашыларының бірінің мәлімдемеле... қарсы наразылық білдірген өз үкметі...ң нотасын біздің сыртқы істер мини...гіне тапсырдыңыз, ал, американ ...п-тостеушілер нің бұл командашыларды Англияға не үшін жібергені олардың м...демелерінен айқын көрініп отыр.

Мен Англиядағы а...рдың көпшілігі біздің үкметіңіздің бұ... селедегі позициясына қосылады деп ...аймын, —шындығында да, адамдардың ...шілігі адастырылып, айла-әрекеттер ...алуына байланысты өздерінің дәрмен... екенін сезіп отыр, міне осы айла-әре...ерлің салдарынан «біздің тілегіміз ... карсы және бізбен келісімсіз —бұл ...нтүрлігерлік қару біздің арамызға әке... отыр».

«Сіздің үкметіңіз,— де...н хатта бұдан кейін, жанжал тудыр... келетіндерден гөрі анағұрлым ме...ттік сендерлік көрсетіп, олард... жоспарларын сәтсіздікке ұшыратады ... сіздің үкметіңіз бүкіл жер шарындағ... адамдардың игілігі үшін, әсересе балала... игілігі үшін, біздің дүниемізді қазір... анағұрлым жақсы дүниеге айналды... көздейтін болады деп менің шын н...ен үміттеніп отырғанымды сіздің, мы... өз үкметіңізге жеткізуіңізді өтінемін».

### Француз және неміс еңбекшілерінің Париж келісімдеріне қарсы күрестегі ынтымағы

ПАРИЖ, 25 декабрь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретарьлары Бенуа Прашон мен Ален Леап Батыс Германия еңбекшілерінің кәсіподақтарына мынадай телеграмма берген:

Лондон және Париж келісімдерін ...туге қарсы табандылықпен күресе ...рып, біз сіздерге Батыс Германияны милитарландыруға қарсы күресте ең ... табыстарға жетуге тілектестік білдіреміз.

Германия және Франция еңбекшілерінің бейбітшілік, бостандық және жұмысшы табының жағдайын жақсарту жолындағы күресте достығы мен ынтымағы жасасын.

### Францияның ұлттық бейбітшілік советіне

ВАРШАВА, 27 декабрь. (СОТА). Париж келісімдерін бекіту туралы заң жобасының бірінші статьясына қарсы француз ұлттық жыйналысының дауыс беруімен

## Пекинде совет көрмесінің жабылуы

ПЕКИН, 27 декабрь. (СОТА). 3 айға жуық ашық болған ССРО-ның экономикалық және мәдени құрылыстарының табыстарын көрсететін көрме кеше Пекинде жабылды. 2 октябрьден бастап күн сайын 10 мыңнан астам экспонаттар орналастырылған совет көрмесінің көптеген залдары мен алаңдарында он мыңдаған Қытай еңбекшілері болып отырды. Қуатты совет индустриясы жасаған ауылшаруашылық машиналарын, механизмдер мен станоктарды, ССРО жеңіл өнеркәсібінің бұйымдарын, сол сыяқты көрмеге қойылған совет суретшілерінің шығармаларын көруге Пекин заводтары мен фабрикаларының жұмысшылары, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, мектептердің оқытушылары Қытай Халық Республикасы астанасындағы жоғары дәрежелі оқу орындарының студенттері келді. Сол сыяқты көрмеге Тяньцзиньнен, Мукденнен, Аньшань, Тайюань, Ухань, алыстағы Синьцзяннан, ішкі Монголияның автономиялық ауданынан, Сычуань мен Цинхайдан,—ұлы Қытайдың барлық түпкірлерінен Пекинге келген жұмысшылар мен шаруалардың бірнеше жүз мың делегаттары болды.

Көрмеге Қытай Халық Республикасының председателі Мао Цзэ-дун бастаған Қытай Коммунистік партиясы және халықтық үкметтің басшылары болды. ССРО экономикалық және мәдени құрылыстары табыстарының көрмеге қойылған экспонаттарымен барлығы 3 миллионға жуық адам танысты.

Пекиндегі совет көрмесінің жабылуымен байланысты «Женьминьжибао» газеті өзінің басмақаласында былай деп жазады: Совет көрмесінің орасан зор даңққа бөленуі—қытай халқының Совет Одағынан үйренуге шын жүректен құштар екендігінің және социализмге бет алғандығының айқын сыпаттамасы болып табылады. Көрменің 3 айлық жұмысының жемісі анығында орасан зор.

Қытай еңбекшілері совет көрмесінен Совет Одағы Коммунистік партиясы және Совет Үкметінің басшылығы арқасында ерлік күресте совет халқының қолы жеткен орасан зор табыстарды көзімен көрді. Көрме қытай мамандары үшін нағыз университет болды.

### Халықтық саяси консультациялық советтің бүкілқытайлық комитеті сессиясының жабылуы

ПЕКИН, 25 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Бүгін кешке Пекинде Халықтық саяси консультациялық советтің (ХСКС) Бүкілқытайлық комитетінің сессиясы жабылды.

Сун Пин Линнің ұсынысы бойынша Мао Цзэ-дун ХСКС Бүкілқытайлық комитетінің құрметті председателі болып бірауыздан сайланды. Комитеттің председателі болып Чжоу Энь-лай сайланды.

Сессия бірінші сайланған ХСКС Бүкілқытайлық комитетінің жұмысы туралы Чэнь Шу- тун жасаған баяндаманы мақұлдайтын қарар қабылдады. Сонымен қатар ХСКС-нің ұйымдастыру статуты мен декларация қабылданды.

Сессия Халық- азаттық армиясының командирлері мен жауынгерлеріне және Қытай Халық еріктілеріне олардың отанды қорғау және бейбітшілікті қорғау жолындағы даңқты ерліктеріне сүйенгендіктің белгісі ретінде арнаулы хат жолдады. Сонымен қатар қазір салынып болған Сикан- тибет тас жолы мен Цинхай-тибет тас жолының құрылысшыларына да құттықтау хаттар жолданды.

## Қытайдың халықтық саяси консультациялық советінің ұйымдастыру статуты

ПЕКИН, 26 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Қытайдың Халықтық саяси консультациялық советінің (ХСКС), бұл органның Бүкілқытайлық комитетінің кешегі мәжілісінде қабылданған ұйымдастыру статуты біртұтас халықтық демократиялық майданның міндеттері мен оны ұйымдастырудың басшы принциптерін белгілейді.

ХСКС-нің негізгі міндеті, делінген статутта, мынадай: «барлық демократиялық партиялар мен топтардың және халық ұйымдарының бірлігі негізінде Қытай Коммунистік партиясының басшылығымен елдің барлық ұлттарын бұрынғыдан ... тығыз топтастыру, ұлы социалистік мемлекет орнатуда бірлескен күш жұм..., қыйыншылықтарды жеңіп отыру».

ХСКС ұйымдастыру статутының қабылданған кезеңі бұл, ХСКС-нің жалпы программасы Қытай Халық Республикасының конституциясымен ауыстырылып,

3. Социалистік индустрияландыру және социалистік өзгерістер жасау мақсатымен мемлекеттік құрылыс жоспарын жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұйымдарға көмектесіп, қоғам күштерін іске қосып отыру.

4. Бұқарамен тығыз байланысты нығайту, олардың пікірін білдіріп, мемлекеттік ұйымдарға ұсыныстар енгізіп отыру.

5. Елдің барлық ұлттарының бірлігін нығайту, патриотизмді өрістетіп отыру революциялық қырағылықты арттыра беру, ұлттық құрылысты қорғау, сыртқы және ішкі жауларға қарсы күрес жүргізіп отыру.

6. Қытайдың ССРО мен және халықтық демократия елдерімен мызғымас достығын нығайту, дамыта беру, Қытайды барлық бейбітшіл елдермен достығын орнатуға көмектесу, Қытайдың бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіл адамдармен досты-

### Боготада болатын кеңес туралы Нерудің мәлімдемесі

ДЕЛИ, 26 декабрь. (СОТА). Индия информациялық бюросының хабарына қарағанда, Сантиникетанда болған пресс-конференцияда Индияның премьер-министрі Неру өзінің Боготаға (Индонезия) Индонезия, Индия, Бирма, Пакистан және Цейлон үкметтері басшыларының кеңесіне қатысуға баратындығы туралы хабарлаған.

Жоғарыда көрсетілген елдердің премьер-министрлерінің болашақ кеңесінің мақсаты, деген Неру, Азия және Африка елдерінің конференциясын шақыру туралы ұсыныстарды талқылау.

### Индия премьер-министрі Нерудің Индонезияға жүріп кетуі

ДЕЛИ, 26 декабрь. (СОТА). Индия информациялық бюросының хабарына қарағанда, бүгін Индияның премьер-министрі Неру Индонезия, Индия, Бирма, Пакистан және Цейлон үкметтері басшыларының Боготада болатын кеңесіне қатысу үшін Калькуттадан Индонезияға ұшып шыққан. Неруді Кришна Менон мен сыртқы істер министрінің орынбасары Сайед Махмуд ертіп барады.

### Американдық «көмекке» қарсы Жапониядағы наразылық

ШАНХАЙ, 25 декабрь. (СОТА). Жапон радиосының хабарлауына қарағанда Токиодағы шетелдік операциялардың американдық басқармасы миссиясының директоры Мейер кеше Жапонияға келген. ресми хабарлауға қарағанда оның негізгі міндеттерінің бірі—«Американың ауыл шаруашылығы өнімдерін Жапонияның сатып алуы жөніндегі мәселені шешу» болып табылады.

Бұрын белгілі болғанындай, үстіміздегі жылдың ноябрінде Жапонияның жоғарғы өкілдерінің Америка үкметінің басшылары мен Вашингтонда ұзақ уақыт жүргізген келіссөздерінен кейін, Жапонияға жүз миллион долларға американдық ауылшаруашылық өнімдерін әкелу туралы америкән-жапон келісіміне қол қойылған болатын.

Алайда, келіссөздер кезінде екі жақтың арасында бірсыпыра қарама-қарсылық бар екендігі, атап айтқанда, Жапонияда американдық өнімдерді сатудан қалған қаражаттарды пайдалану жөніндегі мәселеде едәуір қарама-қарсылық бар екендігі анықталды. «Нью-Йорк Таймс» газетінің хабарлауына қарағанда, «жапондықтар бұл өнімдерді сатудан түсірген иеннің едәуір бөлігін экономиканы өркендетуге пайдаланғысы келеді, ал бұл уақытта АҚШ бұл қаражаттың едәуір бөлігі Американың Жапонияны қорғау мақсатына (яғни елді милитарландыруға) жұмсалуға тиіс деп есептеп отыр.

Газеттер бұл дауды «АҚШ үшін тиімді жағдайда» шешуге тырысушылық, Мейердің Жапонияға келген сапарының бір себебі болып табылады, деп атап көрсетуде.

Жапон радиосының хабар етуіне қарағанда, кеше жапон парламенті төменгі палатасының бюджет комиссиясының

терде мал шаруашылығы озаттарының іс тәжрибелері насихатталады. Лекция лар оқылып, баяндамалар жасалады. Колхоз 1955 жылы жаңа клуб салуды белгілеп, ол үшін 200 мың сом қаржы бөлді.

Дегенмен облысымыздың барлық колхоздарындағы жағдай мұндай емес. Бағалы бастама әлі де болса облыс колхоздарында жаппай қолдау таба алмай отыр. Көптеген аудандық Совет аткомдері мен мәдениет бөлімдері бұл мәселелерді колхозшылардың жалпы жиналыстарында талқылауды тыңғылықты ұйымдастырудың орнына, оны тек өз мәжлістерінде караумен қанағаттанып қойды. Тарандықтардың үндеуі баспасөзде жариялачғаннан бері екі айдан астам уақыт өтсе де бұл игілікті бастаманы облыстың 216 колхозынан 77 колхоз ғана талқылаған. Мұның өзінде кейбір колхоздар оны талқылауды формальді түрде жүргізді. Іске мұндай немқұрайды қараудың салдарынан мәдени- ағарту мекемелерінің жұмыстары үшін облыс бойынша небары 3,5 миллион сомнан астам ғана қаржы бөлініп отыр. Ал бұл ауыл -село еңбекшілерінің күн сайын өсіп отырған мәдени тілектерін өтеу үшін мүлдем жеткіліксіз.

Ауыл- село мәдениет ошақтарының жұмысын бүгінгі талапқа сай ұйымдастыруға әсресе Октябрь, Преснов аудандарының басшылары немкетті қарап, бұл зор маңызды істі екінші кезекке қалдырып

Ауыл- село мәдениет ошақтарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуде облыстың тұтынушылар қоғамдары да үлкен рөль атқарады. Олар қажетті музыкалық аспаптар, клубтар және кітапханалар салуға қажетті құрылыс материалдары мен басқа да жабдықтарды үнемі жергілікті жерлерге жеткізіп отыруға міндетті. Солай бола тұрса да тұтынушылар қоғамдарының басшылары бұл маңызды мәселеге жете мән бермей- ақ келеді.

Ауыл- село мәдениет ошақтарының жұмысын жақсарту жөніндегі тарандықтардың бастамасын қызу қолдауды ұйымдастыру —облысымыздың партия, совет және комсомол ұйымдарының, аудандық мәдениет бөлімдері мен колхоз, совхоз басшыларының бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл маңызды міндетті орындауда орын алған кемшіліктерге мүлдем төзуге болмайды. Өйткені, шаруашылық жұмыстарының табысты жүргізілуі ауыл- селодағы идеологиялық жұмыстардың маңызды участогі —мәдени- ағарту орындарының табысты жұмыс істеуіне де тығыз байланысты. Сондықтан да аудан партия, совет ұйымдарының басшылары мен колхоз басқармалары, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары мұны естен шығармаулары керек.

**А. ОВЧИННИКОВ.**

**Облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары.**

## Комбинаттың спорт залында

Қаладағы А. И. Микоян атындағы етконсерві комбинатының спорт залында кәсіпшілер одағы облыстық Советінің кубогін алу үшін болған баскетбол жарысы үш күнге созылды.

«Пищевик» ерікті спорт қоғамының командасы баскетбол жарысына жақсы әзірленгендігін байқатты. «Пищевик» командасы мен «Искра» командасы финалға шықты. Ойын өте қызық болып өтті. Финалдық кездесуде «Пищевик» командасы 43:21 есебімен «Искра» командасын жеңді.

Сол сияқты, финалдық ойында «Пищевик» командасы мен ет комбинатының № 2 командасы кездесті. Екінші команданың құрамында негізінен жастар болатұрса да, олар пищевиктерге үлкен қарсылық көрсетіп, ойын техникасын айтарлықтай меңгергендігін көрсетті. Бірақ олар жеңіске ие бола алмады. Бұл ойын 48:20 есебімен, «Пищевик» командасының жеңуімен аяқталды. Әсресе, Евтеева, Иванова сияқты ойыншылар өздерінің шебер ойынымен көзге түсіп, әрқайсысы 23 және 15 ұпайдан алды.

Баскетбол жарысында жеңіп шыққан «Пищевик» ерікті спорт қоғамының командасына кәсіпшілер одағы облыстық Советінің кубогі тапсырылды. Ал, команда құрамындағы ойыншыларға кәсіпшілер одағы облыстық Советінің мақтау грамоталары берілді.

**О. КАГЕРМАНОВ,**
**Жарыстың судьясы.**

## ҚАЛА БОЙЫНША ХОККЕЙ ЖАРЫСЫ

Бұл күндері қаланың стадиондарында ерікті спорт қоғамдарының командалары арасында хоккей жарысы өткізілуде. Локомотив стадионында алаң иелері мен «Энергия» ерікті спорт қоғамының командасы кездесті. Ойынның бірінші жартысында екі жақ та шабуылға шыққан жоқ. Олар бір-бірінің ойын тактикасын зерттеумен болды. Біраздан кейін теміржолшылар инициативаны өздерінің қолына алып, бәсекелестерінің қақпасына бір доп өткізді.

Ойынның екінші жартысында теміржолшылар шабуылға шықты. Сөйтіп, энергиялықтардың қақпасына екінші доп өткізілді. 26 минут өткеннен кейін теміржолшылар бәсекелестерінің қақпасына үшінші допты өткізді. Бұл есеп ойынның аяғына дейін өзгерместен қалып, алаң иелері жеңіске жетті.

Бүкілпольшалық ұлттық советіне телеграмма жіберді. онда, атап айтқанда, былай делінген:

Біз сіздерді өзіміздің дәстүрлік достырымызға және Франция мен Польшаның ежелгі дұшпаны—герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы бейбітшілік үшін күреске аса тілектес екенімізге сендіреміз Европа халықтарына қарсы жаңа соғыс ашудың құралы болып табылатын гитлершіл қарулы күштерді қайта жасақтауды өздерінің басқыншылық жоспарларымен байланыстыратын американ және ағылшын реакциясының тарапынан болып отырған үрейлендірулер мен дүмпулер француз халқына ықпалын тигізе алмайды деп сенеміз.

Бейбітшілік үшін күресуші Франция Европаның бейбітшілік сүйгіш халықтарының және әлемнің барлық бейбітшілік сүйгіш күштерінің белсенді тілектестігіне және қолдауына сенуіне болады. Бейбітшілік үшін күресуші Франция —жеңілмейтін Франция, өйткені ол бүкіл адамзат баласының ісі болып отырған іс үшін күресуде.

## ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚАРСЫ, БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ РЕМИЛИТАРЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ

ПРАГА, 25 декабрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігі мынаны хабарлады: бүкіл Чехословакияда өтіп жатқан митингтер мен жиналыстарда еңбекшілер Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы бірауыздан наразылық білдіруде.

Батыс елдердің еңбекшілеріне арналған көптеген қарарларда олар вермахтты қайта тудыруға кедергі жасауға шақырады.

Чехословакия жастар одағының орталық комитеті ЧЖО-ның жергілікті ұйымдарынан Батыс Германия мен Франция жастарына арналып жазылған ондаған қарарлар қабылданды. Яромержа қаласының Антонин Запотоцкий атындағы заводтың жастары Франция жастарын Батыс Германияны қаруландыруға жол бермей, Францияның ұлттық суверенитетін қорғауға шақырды.

Оломоуцк ауданының әйелдері активтерінің жиналысы Франциядағы Лилль және Батыс Германия қалаларының әйелдері мен аналарына хат жіберді. «Барлық әйелдерді, —деп жазған олар хатта, —бір мақсат: барлық немістерді бейбітшіл және демократиялық мемлекетке біріктіру үшін, Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы күрес біріктіруге тиіс. Қалаларыңыздағы барлық адал ниетті азаматтармен бірге бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау үшін күресіңіздер! Бұл үшін сіздерге тек сіздердің балаларыңыз ғана емес, сонымен бірге барлық болашақ ұрпақтар алғыс айтатын болады».

...генқалық өкілдері Бүкілқытайлық жиналысының міндеттері мен өкілдіктерін ХСК ендігі жерде орындамайтын болып отыр

ХСК барлық ұлттарды, демократияшыл топтарды, демократияшыл партиялар мен топтарды, халықтық ұйымдарды Қытай эмигранттарын және басқа патриот- демократтарды біріктіретін біртұтас халықтық демократиялық майданның ұйымы болып табылады. ХСКС-нің мемлекеттік органнан да, сондай- ақ әдеттегі халықтық ұйымдардан да ерекшелігі бар,— ол партиялар мен топтардың біртұтас халықтық демократиялық майданы болып табылады.

ХСКС-ке кіретін мүшелері мен ұйымдар үшін ұйымдастыру статуты белгілеген басшы принциптер мыналарды көздейді:

1. Қытай Халық Республикасының конституциясын қолдап, оны жүзеге асыру үшін барлық күшті жұмсап отырмыз.

2. Жұмысшы табы басшылық ететін және жұмысшылар мен шаруалар одағына негізделетін халықтық- демократиялық құрылысты нығайтып отыру; халық шаруашылығында социалистік сектордың жағдайын нығайт беру.

күресу, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау және адамзаттың әділетті ісін қолдап отыру.

ХСКС-нің ұйымдастыру статуты былай деп белгілейді: Бүкілқытайлық комитет елдің саяси тұрмысының және біртұтас халықтық демократиялық майданның маңызды мәселелері жөнінде консультациялар беріп отырады. Бүкілқытайлық комитеттің бюросы, соның ішінде Бүкілқытайлық комитеттің мүшелері, председателі, председательдің орынбасарлары және бас секретары болады. Бүкілқытайлық комитеттің пленум сессиясын бюро жылына бір рет шақырып отырады.

Бүкілқытайлық комитеттің мүшелері әртүрлі демократияшыл партиялар мен топтар және халықтық ұйымдар тағайындаған өкілдер, немесе шақырылған жеке адамдар болып табылады. Аз ұлттар мен Қытай эмигранттарының да Бүкілқытайлық комитетте өз өкілдері болады Олардың өкілдігі туралы мәселені бюро консультациялар алысу жолымен шешеді. Бүкілқытайлық комитет төрт жылға сайланады.

Провинцияларда, автономиялық аудандар мен номиципалиттерде ХСКС жергілікті комитеттері құрылады.

## Поляк әдбиеті классиктерінің шығармаларын басу

ВАРШАВА, 26 деабрь. (СОТА). Польшаның баспасөз агенттігі халықтық Польшада поляк әдебиеті классиктерінің шығармалары көптеген тиражбен басылуда деп хабарлайды. Жуырда қайта туу дәуірінің көрнекті ақыны Ян Кохановскийдің таңдаулы өлеңдер жинағы басылып шықты. 18 ғасырдың ң ірі сатиригі Игнац Красицкий шығармалар жинағы бес томдығының екі томы басылып шықты. Адам Мицкевич шығармаларының бірінші төрт томдығы қайтадан басылуда. Оның ұлы шығармасы «Пан Тадеуш» бірнеше рет басылып шықты. Поляктың романтикалық ақыны Юлиуш Словацкийдің соғыстан кейін шығарылған толық жинағы қайтадан басылуда. Польшада 19 ғасырдағы ақындар мен жазушылардың таңдаулы шығармалары көптеген тиражбен басылып шығарылуда. Жуырда Болеслав Прус шығармаларының 12 томдығының 10 томы. Генрих Сенкевич шығармаларының 12 томдығы, Мария Конопницкаяның өлеңдері мен поэмаларының бір томдығы басылып шықты.

Элиза Ожешко шығармалар жинағының 12 томдығының 11 томы сатуға түсті. Басқа көрнекті поляк жазушыларының шығармалары да көптеген тиражбен басылуда.

## Қытай халқның Вьетнам халқына сыйлығы

ПЕКИН, 26 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Ханойдан берген хабарына қарағанда, Вьетнам еңбекшілер партиясының органы «Нян Дан» газеті Қытай еңбекшілерінің Вьетнам халқына 10 мың тонна күріш, 5 миллион метр мақта-мата кездемесін сыйлыққа тартуы —қытай халқының және Қытай Халық Республикасы үкметінің шын жүректен көрсетілген қалтқысыз көмегі болып табылады деп жазады.

Газет АҚШ «көмек» деген жамылғымен отар және тәуелді елдерге қарсы басқыншылықты жүзеге асыруда деп атап көрсетеді. Осыған қарама -қарсы, деп жазады газет, халықтық демократия елдері бір-біріне туысқандық көмек көрсетіп, өзара құрметтеу және сүйіспеншілік білдіруде.

Сол сияқты Ханойдың басқа газеттері де қытай халқы жіберген осы көмектер туралы хабарға үлкен назар аударуда.

## ГДР ЕҢЕЕКШІЛЕРІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПХЕНЬЯНҒА КЕЛУІ

ПХЕНЬЯН, 26 декабрь. (СОТА). Кореяның Орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, демократияшыл Германияның ұлттық майданы ұлттық советінің жанындағы Кореямен және Вьетнаммен тілектестік комитетінің делегациясы кеше Пхеньянға келген. Делегация КХДР -ға корей халқының елді қайта қалпына келтіру ісіндегі табыстарымен және өмірімен танысу үшін келген.

...мәжлісінде бұл келісім жөнінде сұрақ қойылды. Сұрақтың авторлары келісімді Жапонияны қаруландыруды тездету үшін пайдалануға тырысушылықты «масқаралық және келісімсіз» деп айыптады. Кейбір депутаттар—бюджет комиссиясының мүшелері Американың ауылшаруашылық өнімдерін сату туралы американ-жапон келісімдерінің жапон шаруаларын қайыршылыққа ұшыратуға соғатындығын атап көрсетті. Өйткені, жапон шаруалары Американың азық-түлікпен жабдықтаушыларына қарсы тұра алмайды. Келісім, сонымен бірге, АҚШ-тың Жапонияға нашар сапалы, ал бағасы дүниежүзілік бағадан едәуір артық өнімдерін сатуға мүмкіншілік беретіндігі үшін де қатты сынға ұшырады.

Сұрақтарға жауап бере келе, үкметтің өкілі аталған келісімнің Жапонияда ауылшаруашылық өндірісін төмендетуге әкеліп соқтыратынын және жапон шаруаларының жағдайына тиімсіз екендігін мойындауға мәжбүр болды.

## АҒЫЛШЫН ЖОЛАУШЫ САМОЛЕТІНІҢ АПАТҚА ҰШЫРАУЫ

ЛОНДОН, 26 декабрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Престуик (Шотландия) аэродромында «Бритиш оверсис эйруэйс корпорейшн» компаниясына тиісті «Стратокрузер» типті жолаушы самолеті қона бергенде апатқа ұшыраған. Апат кезінде 28 адам қазаға ұшыраған.

**Редактордың орынбасары**
**Ғ. НҰРМОЛДИН.**

## Киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«БАЙДЖУ БАВРА»**

Сеанстар сағат 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«БОГДАН ХМЕЛЬНИЦКИЙ»**

Сеанстар күндізгі сағат 10-30, 12-30 және 2-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі не түпкілікті жұмысқа бухгалтер-ревизор КЕРЕК. Еңбекақы смета бойынша төленеді.
АДРЕС: Петропавл қаласы, Совет көшесі, 83-үй.

Петропавл қаласы, жол колоннасында тұрушы Раиса Ильинична Смык Барабинск қаласы, Тургенев көшесі, 39-үйде тұрушы Иван Сидорович Смықтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласында 3-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылығы, өнерқәсіп, транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады

УШ 02925. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.